

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

ВНИМАНИЕ

БЕТПЕРДЕ  
ТАҒЫҢЫЗ  
НОСИТЕ  
MASKU



STOP  
COVID



АРАҚАШЫҚТЫҚ  
САҚТАҢЫЗ  
СОХРАНЯЙТЕ  
ДИСТАНЦИЮ

КАРАНТИН ШАРАЛАРЫН  
САҚТАҢЫЗДАР  
СОБЛЮДАЙТЕ  
КАРАНТИННЫЕ МЕРЫ

ҚОҒАМДЫҚ КӨЛІК



ГАЗҒА КӨШУ – ҚАЛАҒА  
ДА, ҚАЛТАҒА ДА  
ТИІМДІ

3

НЕ БАЙҚАДЫҢЫЗ?



ВИРТУАЛДЫ ӘЛЕМ  
ҒӘМ ОЙЫН

6-7

#ЕКПЕАЛ

2022 жылғы 29 шілдедегі мәлімет  
бойынша АЛМАТЫДА

I компонентпен

**1 211 479**

II компонентпен

**1 186 646**

адам вакцина салдырды

2022 жылғы 29 шілдедегі  
мәлімет бойынша ҚАЗАҚСТАНДА  
I компонентпен – **10 783 798** адам,  
II компонентпен **10 514 609** адам  
вакцина салдырды.  
Ревакциналандығандар саны –  
**5 012 630**

KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша  
ауа райы болжамы  
(бүгін және ертең)

30.07.2022

Түнде:

**+20+22 °C**

Көшпелі бұлтты,  
өткінші жаңбыр, найзағай.

Күндіз:

**+28+30 °C**

Көшпелі бұлтты,  
өткінші жаңбыр, найзағай.



Желдің жылдамдығы:  
3-8, найзағай кезінде 13 м/с

31.07.2022

Түнде:

**+18+20 °C**

Көшпелі бұлтты, кей уақытта  
жаңбыр, найзағай.

Күндіз:

**+28+30 °C**

Көшпелі бұлтты, кей уақытта  
жаңбыр, найзағай.



Желдің жылдамдығы:  
2-7 м/с

МЫҢ ЖАСАҒАН ШАҒАРДЫҢ ШАМШЫРАҒЫ



Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | www.almaty-akshamy.kz | №87 (6222) 30 шілде, сенбі, 2022 жыл.

ПРЕЗИДЕНТ

## ХАЛЫҚТЫҢ ӘЛ-АУҚАТЫ – БАСТЫ НАЗАРДА

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Премьер-Министрдің  
орынбасары Ералы Тоғжановты қабылдады



Мемлекет басшысына Халықтың табысын арттыру бағдарламасының жүзеге асырылу барысы  
туралы мәлімет берілді. Бұл туралы Ақорданың ресми сайтында жарияланды.

Ералы Тоғжанов Қасым-Жомарт Тоқаевқа бірінші жартыжылдықтың қорытындысы бойынша  
Бағдарлама шаралары аясында бюджет саласындағы 850 мың қызметкердің, квазисектордың  
өндірістік бағытында жұмыс істейтін 240 мың және бизнес құрылымдарындағы 1,2 миллион  
еңбеккердің жалақысы өскенін баяндады.

2

БАЙҚАУ

## ҚАЙЫРЫМДЫ ЖАНДАР

«Жомарт жүрек» байқауының қалалық кезеңінің  
жеңімпаздары марапатталды



Аталмыш іс-шарада қаланың қоғамдық-саяси өміріне белсене  
араласып, әлеуметтік-экономикалық дамуына ерекше үлес қосқан  
бірқатар азаматтарға лайықты құрмет көрсетілді. Алматы қаласы  
Қоғамдық даму басқармасы басшысының орынбасары Айбар  
Теменов жағдайы төмен, көмекке мұқтаж отбасыларға қайырым-  
дылық танытқан кең жүректі азаматтарға жергілікті тұрғындар  
атынан ризашылығын білдірді.

ҚЫСҚА...

- Қазақстан Орталық Азияның криптохабына айналды.
- Алматыда 31 шілдеде Almaty Arena спорт кешенінің айналасында «Meta Marathon» жарысы өтеді.
- 1 тамызда Алматыда «Мектепке жол» акциясы басталады.
- Күзде мегаполисте газ құятын жаңа бекет ашылады.
- Ұлттық валютадағы депозиттер бір айда 4,5 пайызға артты.
- Салымшылардың зейнетақы салымы бір айда 613,7 теңгеге ұлғайған.
- Қоғамдық тамақтану кәсіпорындары қантпен қамтылады.

www.almaty-akshamy.kz



2





## ● ПРЕЗИДЕНТ

# ХАЛЫҚТЫҢ ӘЛ-АУҚАТЫ – БАСТЫ НАЗАРДА

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Премьер-Министрдің орынбасары Ералы Тоғжановты қабылдады



(Басы 1-бетте)

Президентке Үкіметтің барлық әлеуметтік міндеттемелерді орындап жатқаны туралы айтылды. Жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп, табысы жоқ азаматтардың экономикаға әлеуметтік тұрғыдан

жұмылдырылуына қатысты кешенді шаралар атқарылып жатыр. Бұл ретте оларға жұмыс орындары ашылып, жаңа кәсіп түрлерін меңгеру үшін біліктіліктерін арттыруға мүмкіндік жасалуда.

Премьер-Министр орынбасарының айтуынша, 2025 жылға дейінгі инвести-

циялық жобаларды жүзеге асыру аясында 2 миллионнан астам жұмыс орнын ашу жоспарланған. Оның 444 мыңы биыл ашылмақ. 1 шілдедегі мәлімет бойынша 249 мың адам жұмыспен қамтылған. Бұл жылдық жоспардың 56 пайызына сәйкес келеді.

Әкімдіктермен бірлесіп, өңдеу өнеркәсібі, мұнай-газ химиясы салаларында және аграрлық секторда 2025 жылға дейінгі инвестициялық жобалар пулы жасалған. Бұл тізімде 266 мыңнан астам адамды жұмыспен қамтитын 847-ге жуық жоба бар.

Сонымен қатар, Мемлекет басшысына «Жастар тағылымдамасы» және «Алғашқы жұмыс орны» жобалары бойынша тағылымдамалар өту мерзімін ұзарту, еңбекке көлемін арттыру және жастардың жаңа бизнес идеяларын жүзеге асыруға бөлінетін гранттардың көлемін өсіру жөнінде баяндалды. Халықтың әлеуметтік жағдайы төмен топтарына жататын азаматтардың тұрақты табыс табуы үшін жағдай жасалуда және әйелдерді жұмыспен қамту тетігі әзірленді.

Кездесу соңында Мемлекет басшысы халықтың табысын арттырудың маңыздылығын және мұның ұлттық жобаларда көзделген мақсаттарға қол жеткізуге тікелей байланысты екенін атап өтті. Үкіметке аталған мәселелерді ерекше бақылауда ұстау тапсырылды. Президент азаматтардың табысын арттыру жұмыстары барлық орталық және жергілікті атқару органдары үшін басты міндет болуға тиіс деп санайды.

Олжас МҰРАТБЕКҰЛЫ.

## ● БАЙҚАУ



Ақтолық  
ТҮРЛЫҒАЗЫ

## ҚАЙЫРЫМДЫ ЖАНДАР

«Жомарт жүрек» байқауының қалалық кезеңінің жеңімпаздары марапатталды

(Басы 1-бетте)

«Барша қайырымдылықпен айналысып жүрген қала тұрғындарына, кәсіпкерлерге ерекше алғысымды білдіремін. «Жомарт жүрек-2022» байқауының жеңімпаздарын алған марапаттарымен шын жүректен құттықтаймын! Қаламызда жүрегі жылулыққа толы жандардың көп екендігіне бүгін көзіміз жетті. Байқауға қатысқан барлық адамның өзіндік ерекшеліктері болды. Барлығы дерлік қаламызға өлшеусіз үлес қосып келе жатқандығын айрықша атап өткеніміз жөн болар. «Жақсылық бар жерде, тапшылық болмайды» демекші, қайырымдылықпен айналысатын азаматтарымыздың арқасында қиын-қыстау кезеңдерді бірге өтсердік. Осындай байқаулардың арқасында алдыңғы буын ағаларына қарап, кейінгі толқын інілеріміздің жүрегінде мейірбандық сезімі оянады деген үміттемін», – дейді Алматы қаласы Қоғамдық даму басқармасы басшысының орынбасары Айбар Теменов.

Байқаудың қалалық кезеңінде марапаттау бес номинация бойынша жүргізілді. Алматы қаласынан қатысқан 34 бизнесменнің арасынан 5 жеңімпаз анықталды.

Қаламыз бойынша ірі әлеуметтік жобаларды іске асырғаны үшін, аз қамтылған көпбалалы отбасыларға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға, мүгедектерге, зейнеткерлерге өтеусіз көмек көрсеткені үшін «Жыл меценаты» номинациясы бойынша Арай Төлемісова марапатталды.

Сондай-ақ, қаламызға өлшеусіз еңбек сіңірген, қала тұрғындарының риясыз көңіліне бөленген компаниялар да елеусіз қалмады. «Туған өлке» номинациясына үздіктердің үздігі ғана іріктелді. Аталмыш номинация құрылыс саласында аса танымалдыққа ие болған «Диал-Строй» ЖШС ұжымына табысталды.

«Біздің компания құрылғалы Алматы қаласының әкімдігімен тығыз қарым-қатынастамыз. 30–60 жылдары салынған ескі үйлердің тұрғындарын жаңа пәтерлерге көшірумен, сол аймаққа жаңа мекеме салумен айналысамыз. 2006 жылдан бастап құрылыс саласында еңбек етудеміз. 100-ден астам адамды жұмыспен қамтамасыз етеміз. Сонымен қатар, көмекке мұқтаж

отбасыларды тұрғын үймен, азық-түлікпен қамтамасыз етеміз. Марапатқа ие боламыз деп ойламадық. «Туған өлке» номинациясына ие болғанымызға қуанамыз», – дейді МТС бөлімінің басшысы Мұхамедмирас Бегметов.

2017 жылдан бері еліміз бойынша өткізіліп келе жатқан «Жомарт жүрек» байқауы «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында ұйымдастырылған. Бүгінге дейін жаны жомарт жандарды, елге үлгі боларлық азаматтарды халыққа танытып, құрмет көрсету мақсатында өткізілуде.

Байқаудың «Жылдың үздік қамқоршысы» номинациясы бойынша марапатқа «Жетісу күші» ҚҚ ұжымы ие болды. Құрылғанына аз ғана уақыт болса да, халыққа еселі еңбек еткен ұжым бұл марапатқа әбден лайық екендігі даусыз. Көмекке мұқтаж отбасыларға тегін курс ұйымдастырып, іскер аналарды даярлап келе жатқанын ерекше атап өткеніміз жөн.

«Біздің қорымыздың құрылғанына 1 жыл болды. Біздің басқалардан ерекшелігіміз – әйелдерге тегін көмек көрсетуіміз. Неге десеңіз, осы уақытқа дейін 100-ге жуық қыз-келіншектің өз кәсібін

бастауына, отбасылық жағдайын жақсартуына көмегімізді тигізіпміз. Бізге отбасылық жағдайдан шаршаған, психологиялық тұрғыдан қажыған қыз-келіншектер жүгінеді. Осы жайттарға қарап, қоғамда ажырасудың көбею себептерін де түсінудеміз. Оларға қолдан келгенше көмек көрсетуге, арнайы мамандардан кеңес алуға жағдай жасаймыз. Қазақта «Әйел – шаңырақтың алтын дінгегі» деген аталы сөзіміз бар. Сол себептен әйел адамдарға көмек көрсету қоғамдағы басты міндетіміз деген ойдымын», – дейді қордың басшысы Асия Аби-таева.

Айналадағы адамдарға мейірімділік пен қамқорлық адамгершілік пен имандылықтың өлшемі саналады. Жақсылыққа ұмтылған жан алдымен қайырымдылық жасайды.

Байқауда «Жыл тұлғасы» номинациясына үміткерлер саны көп болды. Алайда, солардың ішінен оза шапқаны – Мұстафа Озел есімді кәсіпкер. Елімізге қоныс тепкеніне аз ғана уақыт болса да, кәсібін өрге домалатып, карантин кезінде қала тұрғындарын азық-түлікпен қамтамасыз еткен. Сондай-ақ жағдайы төмен отбасылардың,

жетімдер үйінің, қарттар үйінің ас-ауқатын, керек-жарағын түгендеуге көмегін тигізген.

«Қазақ еліне келгеніме біраз уақыт өтіпті. Осы жерде отбасын құрдым, кәсібімді бастадым. Қазіргі уақытта 4-5 дәмхананың иесімін. 150–200-ге жуық адамды жұмыспен қамтып отырымыз. Карантин кезінде де қызметкерлерімізді жұмыссыз қалдырмадық. Сол кездерде бізбен бірге болған адамдарыма алғысымды білдіремін. Бұл марапат менің ғана емес, ұжымның еселі еңбегі сіңген марапаты», – дейді «Esperanza Group» басшысы Мұстафа Озел.

Мегаполисте көптің алғысына бөленіп жүрген жандар жетерлік. Бұл атадан келе жатқан игі дәстүрдің бүгінгі жалғасы, қазақы қасиетіміздің айқын белгісі. Шыны керек, кейде қамқорлық жасағандарға алғыс айтудан әрі аса алмай жатамыз. Ағайынға болысу, әлсізді демеу, жасы кішіні қолдау – адамзатқа тән мейірімділік пен кендіктің көрінісі. Осы ретте қала тұрғындарына, көмекке мұқтаж отбасыларға қаржылай көмек көрсетіп отырған кәсіпкерлерге ерекше алғысымызды білдіреміз.



Суреттері түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.





ҚОҒАМДЫҚ КӨЛІК

# ГАЗҒА КӨШУ – ҚАЛАҒА ДА, ҚАЛТАҒА ДА ТИІМДІ

«QazagGaz» Ұлттық компаниясы басқармасының төрағасы Санжар Жаркешов №6 автомобильдік газ толтыру компрессорлық станциясының жұмысымен танысты.



Рая  
ЕСКЕНДІР

Алматыда бүгінде 800-ден астам қоғамдық көлік газға көшірілген. Ал №6 АГТКС күніне қаламыздағы 200-ден астам қоғамдық көлікке қызмет көрсетеді. Бұл АГТКС-ның жалпы сатылымының 35 пайызын құрап отыр. Қазіргі таңда сығымдалған газдың артықшылығы, пайдалы тұсы мен тиімділігі кеңінен айтылып жүр. Ең бастысы – ауаны ластамайды. Дамыған шет мемлекеттер бұл жүйеге әлдеқашан көшіп алғандықтан, ендігі жерде бұл жүйенің өзінен пайда табу мәселесін қолға алып жатыр.

Осыдан біраз уақыт бұрын Алматы қаласындағы үш бірдей газ толтыру станцияларындағы жөндеу жұмыстарына байланысты кептелістер пайда болып, біраз қолайсыздық орын алған еді. Дегенмен, қазіргі таңда алаңдауға негіз жоқ, бұл мәселенің түйіні толығымен шешілген. Дәл қазіргі кезде Алматыда «QazagGaz» ҰК еншілес ұйымы «ҚазТрансГазӨнімдері» ЖШС қаланың қажеттілігін



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

өтей алатын 4 газ толтыру станциясы жұмыс істеп тұр. Тағы бір газ станциясына жүргізіліп жатқан жөндеу жұмысы жуықта аяқталып, қыркүйек айының соңында іске қосылмақшы.

Жалпы, бүгінгі күні Алматы қаласы бойынша 5 АГТКС «АвтоГазАлматы» ЖШС жұмыс істейді. Газ толтыру станциясына №1, №2, №3 муниципалды автобус парктеріне қарасты автобустар, «Алматы тазалықтын» арнайы техникасы, «ЕсоBus» ЖШС автобустары, «АвтоТрансГаз» ЖШС автобустары

барады. Газ толтыру станцияларының жалпы өндірістік қуаты сағатына шамамен 13 000 текше метр сығылған табиғи газды құрайды.

«QazagGaz» Ұлттық компаниясы басқармасының төрағасы №6 автомобильдік газ толтыру компрессорлық станциясы қызметкерлерімен бірге станциядағы сығылған табиғи газды көлік құралдарына құю сәтін тамашалап, бұл мәселеге баса назар аударды.

Басқарма басшысы соңғы жарты жыл ішінде қабылданған шұғыл шешімдер еліміздің ішкі нарығында тауарлық газдың

тапшылығын тудырмайтыны жөнінде баяндады. Елімізде қолға алынып жатқан газды барлау мен өндірудің жаңа жобалары есебінен базаны барынша кеңейту үшін жүргізіліп жатқан жұмыстармен де таныстырды. Өз кезегінде Санжар Жаркешов еліміздегі газ саласының дәл қазіргі жағдайы мен дамуы, энергетикалық жағынан қауіпсіздігі туралы кеңінен әңгімеледі. Сонымен қатар, Алматы қаласы әкімшілігімен бірлесе қолға алған қоғамдық көлікті газдандыру мәселесі мен Алматы ЖЭО-ны газға көшіру жобасы туралы да жан-жақты баяндады.

– Ұлттық компания сығымдалған газ мәселесімен қарқынды түрде жұмыс атқарып жатыр. Біріншіден, бұл экологиялық таза жанар май. Алматы қаласының әкімшілігімен үлкен жұмыстар жүргізіп жатырмыз. Қаладағы қоғамдық көліктерді дизелден сығымдалған газға көшіру мәселесі оң шешімін тапса, қаланың ауасы да жақсарады. Тұрғындардың денсаулығына да оң әсерін тигізеді. Жалпы, Алматының экологиясы барлығымыз үшін өте маңызды. Сондықтан қалалық әкімшілікпен бірлесіп, тиімді жағын қарастырып жатырмыз.

Әлемдік тәжірибелерге сүйенсек, дәл қазір осынау сығымдалған газды тек көліктерде ғана емес, ауыл шаруашылығы саласында да кеңінен қолданып жатыр. Әрине, біз газ толтыру компрессорлық станцияларының қатарын арттыруды қолға алып жатырмыз. Алматы қаласында тағы да 2 станция салу үшін арнайы жер бөлінді.

Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша жұмыстарды жасап жатырмыз. Сығымдалған газ дегеніңіз тауарлық газ-метан, ол газ құбырымен келеді. Осы компрессорлық станцияда екі жүз есе сығымдалады. Содан кейін сығымдалған газға айналады. Экологиялық таза өнім әрі дизелге қарағанда екі есе арзан. Сондықтан сығымдалған газдың экологиялық та, экономикалық та пайдалы жағы бар, – деді «QazagGaz» Ұлттық компаниясы басқармасының төрағасы Санжар Жаркешов.

БРИФИНГ

## ӘЛЕУМЕТТІҢ ӘЛЕУЕТІ ЖОҒАРЫ

Халықтың әл-ауқатын арттыру – мемлекет саясатының басым бағыттарының бірі. Сондықтан бұл сала Алматы қаласы әкімдігінің де басты назарында. Кеше Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен брифингте Алматы қалалық Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы басшысының орынбасары Данияр ӘЛКЕБАЙҰЛЫ әлеуметтік бағытта биылғы бірінші жартыжылдықта қандай жүйелі жұмыстар атқарылғаны туралы айтып берді.



Нұржамал  
ӘЛІШЕВА

### 20 МЫҢНАН АСТАМ АЛМАТЫЛЫҚ КОМЕК АЛДЫ

Биыл 20 мыңнан астам алматылық АӨК (атаулы әлеуметтік көмек) алды. Жалпы, жыл басынан бері мегаполистің 50 мыңнан астам тұрғынына әлеуметтік төлемдер берілген.

«Атаулы әлеуметтік көмек 4,2 мыңнан астам отбасыға, яғни 20 261 адамға 922 млн теңге көлемінде көрсетілді. Биыл барлығы 28 мың адамды қамту жоспарланып отыр. Өмірлік қиын жағдайға тап болған азаматтарға тек материалдық көмек пен қолдау ғана көрсетіп қоймай, мейірімділік пен қамқорлық танытуға тырысамыз», – деді Д.Әлкебайұлы.

Сонымен қатар, еңбекке жарамды АӨК алушылар Жұмыспен қамту орталығына жіберіледі, орталықта оларға жұмысқа орналасуға көмек көрсетіледі.

Спикер АӨК отбасы мүшелеріне шаққандағы табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінің 70 пайызынан аспайтын жағдайда төленетінін атап өтті. АӨК-тің негізгі алушылары – көпбалалы отбасылар, жалақысы төмен жұмыс істейтін азаматтар, зейнеткерлер мен мүгедектігі бар адамдардың күтімін жасап отырған отбасылар және басқа да аз қамтылған жандар.

АӨК төлемдерден басқа, 1 жас-

тан 6 жасқа дейінгі балалар тәрбиеленетін отбасыларға кепілдендірілген әлеуметтік пакет те қарастырылған. Жыл басынан бері 996 бала кепілдендірілген көмектің осы түрімен қамтылды, ал олардың отбасыларына 2853 азық-түлік қоржыны берілген.

Алматы қаласы әкімдігі тарапынан көрсетілетін қолдаудың тізімі тұрғын үй көмегімен толықты. Коммуналдық шығындары отбасының жалпы табысының 5 пайызынан асатын аз қамтылған отбасылар бюджет есебінен өтеледі. Барлығы 1,2 мыңнан астам алматылық отбасына тұрғын үй көмегі көрсетілді.

Спикер әлеуметтік төлемдердің басқа түрлерімен 14,7 мың қала тұрғыны қамтылғанын, сондай-ақ 14,3 мың соғыс ардагері мен оларға теңестірілген ардагерлер де назардан тыс қалмайтынын тілге тиек етті.

### «ИНВАТАКСИ» САНЫ АРТАДЫ

Жыл басынан бері Алматыда тұратын 10 500 мүмкіндігі шектеулі жан техникалық оңалту құралдарын алған. Одан бөлек, Алматыда 5200 мүгедек жанға ымдау тілі мамандарының, жеке көмекшілердің көмегі түрінде әлеуметтік қызметтер көрсетіледі, сондай-ақ шипажайларға емделуге жіберіледі. Әкімдікте инклюзивті қоғамды дамыту үшін барлық шаралар қабылданауда.

Спикердің мәлімдеуінше, қала-



да 53 мыңнан астам мүмкіндігі шектеулі жан тұрады. Оның ішінде 18 жасқа дейінгі бала – 8151.

«Жеке оңалту бағдарламасының арқасында мүгедектер оңалтуға арналған техникалық құралдармен және әлеуметтік қызметтермен тегін қамтамасыз етіледі. Қажетті қаражатты «Әлеуметтік қызметтер порталынан» өтінім арқылы алуға болады, жекелеген жағдайларда біз мемлекеттік сатып алу арқылы жеке іріктеуді талап ететін техникалық құралдарды сатып аламыз», – деп атап өтті Д.Әлкебайұлы.

Брифинг барысында Алматы қаласы әкімінің тапсырмасы бойынша «Инватакси» көлігінің саны 39 бірліктен 46 бірлікке дейін ұлғайтылғанын айтты. Бұл қызметті ай сайын 1500 ересек адам мен 357 мүмкіндігі шектеулі бала пайдаланады.

Енді «Инватакси» автокөліктерін 46-дан 100-ге дейін ұлғайту үшін жергілікті бюджеттен қосымша қаржы (244 млн теңге мөлшерінде) бөлініп отыр.

Иә, мегаполисте мүгедек жандар үшін барынша қолайлы жағдай жасалуда. Мәселен, спикер 2021-2023 жылдарға арналған нысандарға қолжетімділіктің кешенді жоспары жүзеге асырылып жатқанын еске салды. Осы кешенді жоспарға

сәйкес бұл бағыттағы жұмыстар күшейтілген.

### «ТӘУЕЛСІЗ ӨМІР МЕКТЕБІ» МЕН «TEN QOGAM»

Бұл – мүгедек жандар игілігіне арналған өзін-өзі дамыту курстары. «Қаламызда мүмкіндігі шектеулі жандарды әлеуметтендіру және олардың жұмысқа орналасуына көмектесу мақсатында «Ten Qogam» мүгедек адамдарды әлеуметтік қолдау орталығы» жобасы жүзеге асырылуда. Орталық мамандары жұмысқа орналасудың бастапқы кезеңінде өз қамқорлығындағы адамдарды ертіп жүреді», – дейді Д.Әлкебайұлы.

Сонымен қатар, Алматыда мүгедек адамдардың мәселелерін әлеуметтендіруге және шешуге көмектесетін заңгерлер, психологтар, кеңесші мамандар жұмыс істейді. Олардың жеке тұлға ретінде өсуі, жұмысқа орналасуы, кәсіпкерлік бойынша курстар мен шеберлік сыныптарында онлайн-оқытудан өтуі кезінде мамандардың көмегі аса қажет. Жарты жыл ішінде 424 мүгедек жан осы қызметтерді алып үлгерген.

«Мүмкіндігі шектеулі адамдарға өз бойындағы қорқыныш пен сенімсіздікті жеңуге, өзін-өзі бағалауға көмектесетін «Тәуелсіз өмір

мектебі» жобасын жүзеге асыру да жалғасуда. Жоба аясында «Ақ Бастау» пансионатында тұрып және барып оқытатын апталық курстар өткізіліп тұрады. Жыл соңына дейін 128 адам курста білім алады деп жоспарланып отыр. Бүгінгі таңда «мектептен» 112 адам өтті», – деп мәлімдеді спикер.

Мүгедек жандарға, мүмкіндігі шектеулі балаларға, зейнеткерлерге және өмірлік қиын жағдайға тап болған адамдарға арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсетуге ведомствоға тиесілі 10 медициналық-әлеуметтік мекеме жауап береді. Сонымен қатар, мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс аясында 17 үкіметтік емес ұйым қызмет көрсетеді.

### ЖАС МАМАНДАРДЫҢ ЕҢБЕКАҚЫСЫ ӨСЕДІ

2022 жылы Алматыда әлеуметтік қажеттіліктерге 33,2 млрд теңгеден астам қаржы бөлінген.

«Осы жылдың 6 айында 12,5 млрд теңге төленді, халықтың әлеуметтік қорғалмаған топтарына жататын 137 мың адамға көмек көрсетілді», – деді спикер.

Биыл халықты жұмыспен қамту орталығына 21 400 қала тұрғыны өтініш білдірген болса, оның 16 мыңы жұмысқа орналастырылған. Сондай-ақ, Данияр Әлкебайұлы «Жастар тәжірибесі» бағдарламасының қалай жүзеге асырылып жатқанын тарқатып берді. Алматы әкімі жас мамандардың еңбекақысын 122 мың теңгеге дейін арттыруды тапсырғанын хабарлады.

Басқарма өкілі жұмыссыздар үшін сұранысқа ие мамандықтар бойынша қысқа мерзімді 3 айлық курстар ұйымдастырылғанын да айтты. Сонымен қатар, оқу барысында олардың барлығына 21 мың теңге көлемінде шәкіртақы беріледі. Биыл 647 алматылық кәсіптік оқуға жолдама алған.

Сондай-ақ, спикер кәсіпкерлікпен айналысқысы келетіндерге 1,2 млн теңгеге дейін қайтарымсыз гранттар қарастырылғанын айтты. Қазір 15 адам тігін шеберханаларын, машиналарды жөндеу және басқа да қызмет көрсету салаларын ашу үшін грантқа ие болған.





## ҚҰРЫЛЫС

## ТАЛАП – БАРШАҒА ОРТАҚ

Құралай  
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Алматыда құрылыс мәселесіне байланысты жаңа ережелер қабылданған болатын. Онда алып шаһардың тау бөктерлерінде құрылысқа тыйым салынып, биіктік шектелетіні туралы айтылған. Демек, талап жалпыға ортақ.

Бұл өз кезегінде тау бөктеріндегі аумақтардың тығыздалуын, әрі ретсіз құрылыс салуды тоқтатуға, табиғи ландшафты сақтауға, сондай-ақ көлік инфрақұрылымына жүктемені азайтуға, экологиялық жағдайды жақсартуға мүмкіндік береді. Жаңа ереже қолға алынғалы бері Қала құрылысын бақылау басқармасының өкілдері құрылыс салынып жатқан аймақтарға тексеру жұмыстарын жүргізуді қолға алған. Нәтижесінде заңсыз салынған тұрғын үйлерді анықтап, құрылыстың әрі қарай жалғасуына тыйым салуда.

Элиталық үйдің  
бір қабаты сүріледі

Мәселен, «Pine Hill» тұрғын үй кешенінің үшінші қабаты сот шешімімен бұзылады. «Ерменсай» шағынауданындағы



7-учаске, 8/1 мекенжайында бой көтермек болған нысанды тексеру кезінде құрылыс салушы үшінші тұрғын үй қабатын заңсыз салып жатқаны анықталды. Мұнда рұқсат тек 2 қабатқа берілген.

Өткен жылдың қараша айында басқарма сотқа үйді бұзу туралы шағым түсіріп, ол қанағаттандырылмады. Апелляциялық өтініш оң нәтиже берді. Үшінші қабатты бұзу туралы сот шешімі заңды күшіне еніп, Әділет департаменті арқылы орындалуда.

## Рұқсатсыз басталған

Кезекті заңсыз салынған тұрғын үй кешені Наурызбай ауданында орналасқан. Сот «Qadam» тұрғын үй кешенін сүруге шешім шығарды. Бұған дейін Алматы қаласының қала құрылысын бақылау басқармасы нысанды тексеріп, сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласында бірқатар заң бұзушылықтарды анықтаған болатын. 4 қабатты көппәтерлі тұрғын үйдің құрылысы рұқсат құжаттарынан басталған. Тексеру нәтижелері бойынша «Qadam ТК» ЖШС-не қатысты әкімшілік хаттамалар толтырылып, кейіннен заңсыз салынып жатқан нысанды бұзу туралы талап арыз жазылды. Нәтижесінде сот шешімімен заңсыз салынған нысанды бұзу туралы талап қанағаттандырылды. Қазір шешімнің заңды күшіне енуі күтілуде. Жылжымайтын мүлікті сатып алудан бұрын тұрғындар салынып жатқан үй туралы ақпаратты тексеріп, мына жедел желі арқылы құжаттар пакетінің түгелдігін анықтай алады: +7 (727) 229-81-36.

## МИБ

ҚЫЗМЕТТЕРДІҢ  
САПАСЫ АРТАДЫАйжан  
БҮРКІТБАЕВА

Алматыда «Алсеко» акционерлік қоғамы ҚР ИИДМ Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитетінің қолдауымен арнайы ақпараттық орталықты іске қосты.

ҚР Индустрия инфрақұрылымдық даму министрлігі Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитеті төрағасының орынбасары Бауыржан Қабдолдың айтуынша, аталған орталық Меншік иелерінің бірлестіктері, қарапайым серіктестік және пәтер иелері кооперативтері төрағаларына олардың қызметіне қатысты мәселелер бойынша, сондай-ақ тұтынушыларға ақпараттық және консультациялық қолдау көрсетеді.

Цифрлық экожүйе шағымдар мен өтініштерді жиі беру мүмкіндігі есебінен тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы қызметтердің сапасын арттыруға мүмкіндік береді. Меншік иелері ақпараттандыру объектілері арқылы үйді басқаруға қатыса алады, сондай-ақ үйдегі барлық жұмыс бойынша ашық деректерге қол жеткізе алады, – деп атап өтті ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істер комитеті төрағасының орынбасары Бауыржан Қабдол.

Бұған дейін комитет төрағасының орынбасары елдегі көппәтерлі үйлердің 90 пайыздан астамы басқарудың жаңа формасына көшкені туралы айтқан болатын.

## ҰЛТТЫҚ ЖОБА

Кеше «Алматы қаласында тұтынушылар санаттары бойынша электр энергиясына тарифтерді саралауды алып тастау бойынша пилоттық жоба» тақырыбында «Дөңгелек үстел» өтті.

Құралай  
ЖҰМАДІЛОВА

«Дөңгелек үстел» жұмысына Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің, Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің, ҚР Ұлттық Энергетика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Алматы қаласы бойынша департаментінің, Алматы қаласы әкімдігінің Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының басшылары, қоғамдық ұйым, салалық қауымдастықтар өкілдері және басқа да мүдделі тұлғалар қатысты.

Аталмыш пилоттық жоба кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жоба аясында іске асырылуда. Тарифтерді саралауды жою бірнеше жыл бойы жүргізіледі.

Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігі төрағасының міндетін атқарушы Рустам Ахметовтың айтуынша, аталмыш жоба Мемлекет басшысының энергетика және инженерлік инфрақұрылымды дамыту мәселелері жөнінде өткен кеңесте берген тапсырмасына сәйкес пилоттық режимде 3 өңірде – Алматы, Батыс Қазақстан және Қостанай облысында басталады.

Бүгінгі таңда энергиямен жабдықтаушы ұйымдардың тарифтері тұтынушылардың топтары бойынша тұрмыстық, заңды тұлғалар және бюджеттік ұйымдар деп бөлініп, сараланады. Тұрмыстық тұтынушылар үшін тарифтер заңды және бюджеттік тұтынушылардың тарифін жасанды өсіру есебінен арзандатылып, сараланбақ. Нәтижесінде бүкіл ел бойынша ШОБ жыл сайын 31 млрд теңгеге артық төлейді. Өйткені, бизнес субъектілері энергияны көп қажет ететін бизнес

## БАҒА БАҒАМЫ ТАЛҚЫЛАНДЫ

Тарифтерді саралауды жою бойынша пилоттық жоба ұсынылды



Суреттерді мүсірсен Қайрат ҚОНЫСБАЕВ

электр станцияларынан электр энергиясын тікелей сатып алады және оларға саралау қолданылмайды.

– Бұл өзгерістердің мақсаты – тарифті көтеру емес, электрмен жабдықтау қызметтерінің заманауи нарығын құру, – деп атап өтті Рустам Ахметов.

– Тұтынушылардың санаттары бойынша тарифтерді саралауды кезең-кезеңмен алып тастаудың артықшылықтары «коммуналдық құлдықтан», яғни тұтынушылардың энергиямен жабдықтаушы бір ұйымға байлануынан арылу. Тұтынушы «ұнамайтын» ЭЖҰ-ны өзгерте алатын кезде, болашақта бұл нарықтағы барлық ұсыныстардың ішіндегі ең төменгі бағаны таңдауға кепілдік береді, қосымша қызметтерді дамыта отырып, қызмет көрсету сапасын арттырады, – деді.

Кездесуге қатысушыларға тұрғын үй көмегін жүзеге асыру тетігінің егжей-тегжейін ҚР ИИДМ Құрылыс және ТКШ істері коми-

тетінің тұрғын үй қатынастары басқармасының басшысы Сұлтанғали Жалқұл баяндап берді.

Өз кезегінде Алматы қаласы Жұмыспен

қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы басшысының орынбасары Данияр Әлкебайұлы әкімдіктің әлеуметтік көмекті есептеуді енгізуге дайындығы туралы айтып берді.

Сала мамандарының айтуынша, аталмыш пилоттық жоба мегаполисте электр энергиясына тарифтерді саралауды кезең-кезеңмен қысқарту мақсатында жүзеге асырылмақ. Өйткені, тұрмыстық тұтынушылар тарифтері заңды және бюджеттік тұтынушылар үшін жасанды өсу есебінен төмен бағамен есептеледі. Салдарынан жыл сайын елде шағын және орта бизнес өкілдері артық қаражат төлейді екен. Ал жоба іске қосылса, бюджет шығындарын қысқартып, бос қаражатты халықтың мұқтаж топтарына жұмсауға мүмкіндік бермек.

Пилоттық жоба аясында Алматы тұрғындарына электр энергиясы үшін түбіртектердегі ай сайынғы төлем құны тұтынылатын энергия көлеміне байланысты орта есеппен 300 теңгеге артады. Халықтың әлеуметтік мұқтаж топтары үшін тариф өзгермейді – айырманы оларға атаулы тұрғын үй көмегі есебінен мемлекет субсидиялайтын болады. Қазақстанның қалған өңірлерінде электр энергиясына тарифтерді саралауды жою 2023 жылдан басталады.







# ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМАСЫ

Мемлекет басшысының бастамасымен «Жаңа Қазақстан» идеялық-бағыты іске асып келеді. Бұл турасында биылғы Жолдауда нақты бағыттар айқындалды. Әлеуметтік әл-ауқаттың жақсаруы, өзара келісім, саяси жаңарулар – осыған бұқара мен биліктің бір кісідей атсалысуы маңызды саналады.

Қазақстан демократиялы, зайырлы, құқықтық мемлекет екені Конституцияда айқын жазылған. Соңғы кездері көптеген игі бастама жалғасуда. Еліміздегі оң өзгерістер соның куәсі. Осы орайда, Философия, саясаттану және дінтану институты Саяси зерттеулер орталығының директоры Айдар ӘМРЕБАЕВПЕН сұхбаттасқан едік.



## ЖАҢАШЫЛДЫҚ – БОЛАШАҚ ҮШІН



– Айдар Молдашұлы, Жаңа Қазақстан бастамасын қалай түсінесіз?

– Еуразия кеңістігінде жаңа өзгерістер орын алуда. Бұрын ойға онша келе қоймаған жаңалықтар пайда болуда. Геосаяси жағдай шиеленісіп тұр. Санкциялар төңірегіндегі мәселе өзінше бір әңгіме. Осынау саяси ахуалдар барша әлем жұртшылығына өз әсерін тигізіп бағуда. Одан айналып шығатын жол да бар. Ол үшін бәрін үстел басында отырып шешкен дұрыс.

Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы 2019 жылы билікке келгелі жаңа концепция түзді. Ол – «Еститін мемлекет» қағидаты. Яғни халықтың мұң-мұқтажын жүзеге асыру, орындау. Сол ұсыным бойынша бірнеше жаңа өзгеріс пайда болды. Соның ішінде азаматтық қоғам мен билік арасындағы диалогты қалыптастырып, жақындастыру көзделуде. Жақында 5 маусымда Жалпыхалықтық референдум, Ұлттық Құрылтай өтті. Мұнда мемлекет пен қоғамға белгілі қайраткерлер, көрнекті ғалымдар ой-пікірін ортаға салды.

Қазақстан 30 жылда тұрақтылық пен тыныштықты сақтап келе жатқанын байқаймыз. Біраз уақыттан бері саяси моделіміз өзгере бастады. Өзгерген себебі белгілі. Қазіргі деңгейге сәйкес жаңа мүмкіншілік, жаңа мүдделер айшықталуда.

Қазақ мемлекетінде орын алып жатқан жаңа инициативалар болашаққа бағдарланған. Жыл басынан бері еліміз «Жаңа Қазақстан», «Екінші Республика» терминін жандандырып келеді. Мақсаты – жаңа мәселелерді жаңа көзқарастарға бейімдеп қарастыру. Оның ішінде суперпрезиденттік жүйеден

алшақтаудамыз. Ол жүйе өз уақытысына сай миссиясын атқарды. Бірақ та бүгінгі ахуал бөлек.

Мемлекет басшысының ойы жаңа заманға сай байланысты сақтай отырып, игі бастамаларды тәжірибе жүзінде іске асыру болып саналады.

- **Мықты Президент билігі;**
- **Жауапкершілігі мол Парламент;**
- **Кәсіби атқарушы Үкімет билігі.**

Осы үш тармақ ұштасып, бірін-бірі қолдап, халықтың ойынан шығады деп жасалып жатқан көрінеді. Қазіргі таңда 20 шақты заңдарға өзгерістер енгізу керек. Онымен айналысатын өзіміздің Парламентіміз бар. Конституцияға сәйкес аталған дүниелер жасалса, саяси кеңістікке жол ашылғалы тұр. Соның арқасында жаңа модель қалыптасады. Ол модельдің ерекшеліктеріне мыналар кіреді:

- **Саяси партияларды тіркеу, сайлауға қатысу жеңілдетіледі;**
- **Жеке тұлғалардың бір мандатты жүйемен сайлануына жол ашылады;**
- **Жастарға сайлауға мүмкіндік көбірек болмақ.**

Біз бұрын бір партияның ықпалында болдық. Онымен жапсарлас, бәсеке жасайтындар бола қоймады. Басқа партиялар билікке араласса да, шынайы күшке айналмады. Енді ол жүйе басқаша түзілуде. Тағы бір нәрсені айта кетейін. Бұдан былай келешекте Президент болушы тұлға партиялар додасынан, билігінен жоғары тұрады. Бұл – барлық партияға теңдей қарау дегенді білдіреді. Яки, алалау, қыспақ жасау болмауы керек. Сонымен қатар, жалпыұлттық мүддеге бағытталған Президенттік басқару билігіне айналатынын естіп-білудеміз. Осы тараптан бірқатар істер атқарылып жатыр.

– **Биылғы Жолдау мен өткен жолғы Үкімет отырысында қозғалған мәселелерге қарасаңыз, әлеуметтік мәселені шешуге бағытталғанын көреміз. Қордаланған түйткілдерді қалай тарқатамыз?**

– Қазір заман да, заң да өзгеріп бағуда. Бұрын ойға алмаған тың жаңалықтар шығуда. Өздеріңізге мәлім, Қаңтар оқиғасы текке шықпады. Бұл дегеніміз, халықтың бұрынғы даму моделіне көңілі толмағанынан өрбиді деуге болады. Әлеуметтік жағдайдың қиындауы, өмір сүру деңгейінің төмендегені – бәрі-бәрі бұрқ ете қалды. Мұның арты осындай бұлғаққа алып келді.

Кезінде жергілікті деңгейден өңірлік әкімдікке дейін Президент әкімшілігіне тікелей бағынышты әрі байлаулы еді. Олардың халықпен ешбір санаспай, өз бетінше жүргендері барлығымызға белгілі. Ендігі кезекте мәслихаттың дәрежесі, оған артылар жүк салмақтырақ бола түсті. Мәслихат депутаттары атқарушы билікке сөзін өткізе алатын болады.

Бір нәрсені қадап айтып кетейік. Бұрын жоғары билікке ақша табу үшін қызығып баратын. Ол жағы жасырын емес. Осы тұрғыдан алғанда психология өзгеруі қажет. Әрбір қоғам қайраткері, тұлға өзінің туған елінен атақ-даңқ, құрмет, мансап, көп қаражат талап етпегені жөн. Қайта белгілі бір мекемеде қызмет істеп, тәжірибені шыңдап, ұлт үшін қызмет атқаруға дағдылану керек. Сонда мемлекеттік сектордың жұмысы жүйелі жүреді. Әлемде мемлекеттік билікке баратын жандар пайдаға емес, ел кәдесіне жұмыс істейді. Осы психологияны өзгертетін болсақ, шаруа шешіле бастар еді.

Ата-бабаларымыз өте қыруар істер атқарған. Түркі империясының билеушілері Күлтегін, Тоныкөк бабаларымыз «Қағанның парызы – халықтың қарнын тойдырып, беделін өсіру» деп шегелеп кетіпті. Осындай ежелден келе жатқан қағидаттарды бүгінгілердің санасына сіндіру маңызды. Ал баяғы соқпақпен жүретін болсақ, баяғы жартас, сол жартас болып қала береді. Алдымен ақша тауып, белгілі дәрежеге көтеріліп болған соң арғы жағын көре жатармыз дейтіндер де бар. Осындай моральдық олқылықтарды бұзу Үкімет, Парламент және қарапайым азаматтардың ойында жүруі тиіс. Сонда ғана әлеуметтік жағдай оңалады. Ұй, жұмыс мәселесі рет-ретімен шешіледі. Сана жақсылыққа бейімделіп, ел мүддесіне қарай бұрылса, қалған дүние өз бағдарын адаспай табады.

– **Бізде саяси элита қалыптасқан ба?**

– Әлгінде айтқанымдай, саяси элитаға жол қалыптастыру керек. Ойы таза, білімдар, отаншыл рухтағы азаматтарды тауып, билікке әкелейік. Олардың пайым-парасатымен санасайық. Ортаға салған кейбір пікірлеріне бола қолдарын қақпайық. XX ғасырда нағыз саяси элитаның беделі көрінді. Кезінде Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, т.б.

халықтың қамын жеп, қазаққа жақын болды. Алаштықтар ақшаға ар сатпады. Ел мүддесін өзгенің аяғына жықпады. Сол жолда от кешіп, қаны мен жанын, бар жиған-терген өмірлік тәжірибесін қиды. Іштарлыққа салынбады. Ел дегенде маңдай терін сығып жүріп қызмет етті. Уағында қазақтың бүгінгі территориясын Алаш азаматтары сызып, белгіледі. Сонымен бірге, ұлттық санамызды қорғап қалды. Одан кейін Дінмұхамед Қонаев, Жұмабек Тәшенев солардың ізін жалғады. Қазақ мемлекетінің тұтастығына қызмет қылды. Халықтың мүддесін бәрінен биік қойды. Олар Отан алдындағы перзенттік міндетін адал атқара білді десек, артық айтпағандық болар.

Бүгінгі таңда өзіміздің жастардан патриоттар тәрбиелеуіміз керек. Жоғарыда айтқанымдай, оларға мүмкіншілік жасау маңызды. Бұрынғыдай шенділердің балалары, немерелері ғана жоғары билікке ие болмасын. Мұның түбі құрдымға алып барады. Жастар шетелге барып оқып, жұмыс істеп жүр. Солардың кейбіреулері осында келіп, тұрақты жұмыс таба алмай жүр. Осындай мәселелерді жеделдетіп шешу қажет.

– **Өзіңізді патриот санайсыз ба?**

– Өзім де сыртта оқыдым. Мәскеу университетін бітірдім. Барлық жерде басынан бастап орысша тәлім алдым. Қазақша білмейтінмін. Уақыт өтіп жатты, жұмысқа орналастық. Түркия, Қытай, Сингапурда болдым. Бір кездері ойлана бастадық. Шыққан тегім кім, не үшін жүрмін деген сауалдар мазалай бастады. Сыртқа кеткен балаларымызды қазақ емес, шала қазақ деп бөлуді қою керек. Олар шетелде білім алады. Оқуын бітіріп оралады. Біздің жүйеміздегі тамыр-таныстық, құда-жекжат, сыныптас деген шытырман жүйені көргеннен кейін көңілдері қалады. Өздері сыртта ілім жигандықтан салыстырады, сөйтіп тауы шағылады. Сөйтіп, келген жақтарына кетіп қалып жатқандары да бар. Жастарымыздың соңына май шаммен түспейік. Бізде қағаз жүзінде басқа, іс жүзінде мүлдем басқа. Жастар максималист болып келеді. Жақсы жағына өзгертемін десе, бәрі өзгереді.

– **Әңгімеңізге рахмет!**

Бетті әзірлеген  
Олжас ЖОЛДЫБАЙ.





## БАЛАЛАР ЖЫЛЫ

Елмізде «Özinşe» балалар мен жасөспірімдерге арналған стриминг-сервис іске қосылды. Онда отандық мультфильмдер мен балаларға арналған контент жүктелген. Ақпарат және қоғамдық даму министрі Асқар Омаровтың айтуынша, болашақта шетелдік анимацияларды да платформаға енгізу жоспарланып отыр. Министр бүгінде қазақстандық анимацияға сұраныс артқанын тілге тиек етті.

## Стриминг-сервис іске қосылды

Ақтолық  
ТҮРЛЫҒАЗЫ

Айта кетерлігі, қосымшаны Android пен iOS құрылғыларына жүктеп алуға болады. «Қазіргі кезде «Өзінше» стриминг сервисіне 3 мың 400 минуттай контент жүктелген. Бұл контент әрі қарай үлкейеді. 10 жылдың ішінде Қазақстанда отандық анимация мектебі құрылды», – деді ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрі Асқар Омаров.

Анимация қазіргі кезде Қазақстанда жақсы жолға қойылған. Бізбен шекаралас елдер де біздің анимацияны сатып алып жатыр. Қазір біздің анимация бойынша мамандар Қытаймен, Ресей, Түркиямен жұмыс істеп жатқандығын ерекше атап өткеніміз жөн болар.

«Жалпы, қазіргі қазақ анимациясының, қазақ мультипликациясының даму үрдісі Түркі әлемінің ішінде біршама жоғары екені мәлім. Аудиториясы тек Қазақстанның шеңберінде ғана емес. Осы бауырлас елдерге кеңінен тарайды деген ойдамыз», – дейді Халықаралық Түркі академиясының президенті Дархан Қыдырәлі.

## НЕ БАЙҚАДЫҢЫЗ?

## ВИРТУАЛДЫ ӘЛЕМ

**XXI ғасыр – ғылым мен технологияның дәуірі. Кім смартфон, гаджеттерді жетілдіреді – сол озады. Ғаламторды барынша меңгерсеңіз, табыс сіздің жақта.**

Бүгінгінің адамы да, баласы да, данасы да бұрынғыдан өзгереді. Әр буынның өз миссиясы бар деген нәрсе жаңылыс пікірдей сезіледі. Өйткені, бәрін жақындастырып, бір-бірімен тұтас етіп тұрған нәрсе бар. Ол – интернет.

Бұл әлемде еңбектеген баладан еңкейген қартқа дейін ғұмыр кешетіндей. Үйде, жұмыста, тіпті тойдың өзінде де телефонға телміргендерді байқайсыз. Бір жағынан қарын ашады. Айналадағы тіршіліктен виртуалды әлемге көшкен сияқтымыз. Тіл-десіп, сөйлесуден ада болдық. Ойымыздағыны мессенджерге сала қоямыз. Одан соң жауап беруден қашып, смайлик жібереміз. Құтты ежелгі заманға қайта оралғандаймыз. Бұл жолы тек виртуалды түрде аяқ басудамыз.

## ШЫРМАЛМАҢЫЗ

**Бүгінгі кейбір жастарға бағыт аздай көрінеді. Өзінің мамандығын дәл таппаса, ол да қиын. Жалпы, шығалаңға түсіп, көңіл-күйді бұзып алмау қажет.**

Біздің бір ортақ танысымыз болды. Жалдамалы пәтерде бірге тұрдық. Өзі боксшы. Жасы 18-де. Құдай тағала оған бойды, сымбатты дене бітімін, сұлу түрді де берген. Мінезі де жақсы. Дене тәрбиесі пәнінің мұғаліміне оқып жүр. Ауылы Батыс Қазақстанда. Ата-анасынан жырақта ғұмыр



кешуде. Мұндағы университеттегі оқуы ақылы. Жылына 650 мың. Қиырдағы елді-мекендегі отбасы үшін бұл аз қаражат емес. Оның үстіне баласының жүріп тұруы әкешесінің мойнында. Десе де, бала қызық қуып, ол жағын ойлағысы жоқ. Арғы жағы қалай боларын, кім білсін?!

Біз қасиетті Түркістанда жоғары оқу орнын тәмамдадық. Сонда кейбір балалар түске дейін сабақта, түстен кейін жұмыста жүретін. Әртүрлі мейрамханаларда істеп, өз нәпакасын өздері табатын. Соның бірі – Елжас болатын. Өзі елгезек, ұзын бойлы, спорт пен өнерге жақын болатын. Өзбек ағайындардың тәрбиесін көп көрді. Солардың қолдарында тіршілік етті. Әр тиынын жинайтын. Үй-ішінен бір теңге

алмайтын. 5 тіл білетін. Университет қабырғасында жүріп, өзін танытып та үлгерді. Қабырға газетін шығаратын. Қысқасы, сегіз қырлы, бір сырлы болатын. Ол Алматыға келіп магистратура бітірді. Ақылы негізде оқыды, қосымша жұмыс істеді. Жуырда докторантураға түсіпті. Ғылыммен де айналыса бастапты. Отбасының ең үлкен баласы екен. Өз күшімен бірнеше жыл депозитке қаражат жинап, жақында үйлі болыпты. Бір жолыққанымда, енді өзі сүйген қызға үйленуді жоспарлап жүр екен. Меніңше, бүгінгінің адамы нағыз осы жігіт деп білеміз. Үнемі позитивте жүреді. Бірнеше жерден табыс табады. Ешкімге иек артпайды. Өз бағдарын өзі айқындайды. Пайдалы кітаптар мен кеңестерге құлақ түргенді жақсы көреді. Жалпы, бір сөзбен айтқанда, оған тек ризамыз. Ең бастысы, ғұмырлы болып, тіл-көзден сақтап, елдің азаматы болсын деген тілектеміз.

Осы арада бір ой туады. Екі жігіттің өмір тағдырына баға беруден аулақпыз. Дегенмен, әркім жұмақты өзіне өзі орната анық. Бұл өмірде биікке өрлеу табанды еңбекті талап етеді. Ал бір сәтте құлап-сүрініп кету тұқ емес-ті. Сондықтан таңдау өз қолыңызда.

ОЙЫННАН  
ОТ ШЫҒАДЫ

**Қазір адамды елегізетін виртуалды ойындар көп. Ол үшін арнайы орындарға барудың да қажеті шамалы. Бірақ тағдырмен ойнау оңан іс емес. Осы жағын ескерейік.**

Неміс философы Артур Шопенгауер «Парасаттылар өз өмірінен ләззат алады, бос уақытын дұрыс игереді. Ақымақтар бос қалуға төзбейді. Бос уақыт оларды зеріктіреді. Сондықтан олар пайдасыз



## НЕ?

## ҚАЙДА?

## ҚАШАН?

«КӨҢІЛДІ  
ҚОНЖЫҚТАР»

**Өтетін орны:** Алматы қ., Мемлекеттік қуыршақ театры.  
**Авторы:** М.С.Поливанова.  
**Режиссері:** В.Беркин, Г.Ильясова.  
**Ұзақтығы:** 45 минут.  
**Жас санаты:** 3+.  
**Тұрақ:** бар.  
**Күні мен уақыты:** 30 шілде, 14.00.

«МЕНИҢ  
ҚАЗАҚСТАНЫМ»

**Өтетін орны:** Ә.Қастеев атындағы мемлекеттік өнер музейі.  
**Көрмені ұйымдастырушылар:** Қазақстан кинематографистер одағы Игорь Александрович Вовнянконың 80 жылдығына арналған еске алу іс-шараларының аясында «Менің Қазақстаным» атты фотокартиналар көрмесін ұсынады.  
**Күні мен уақыты:** 25 шілде, 16.00.  
**Жас санаты:** 3+.

ҚАЗАҚСТАН ҚҰРАМАСЫНЫҢ «СУПЕРБОЛ»  
ЖОБАСЫНЫҢ ҚАТЫСУШЫЛАРЫНА ҚАРСЫ ОЙЫНЫ

**Өтетін орны:** Алматы Орталық стадионы.  
**Сыйымдылығы:** 30 000.  
**Кіру:** Абай даңғылы жағынан.  
**Күні мен уақыты:** 7 тамыз, 20.00.  
**Тұрақ:** Көлік жүретін жол бойындағы жерүсті тұрағы. Назар аударыңыз! COVID-19 инфекциясының таралуын болдырмау үшін мекемеде келушілер Ashuq жүйесі арқылы тексеріледі.





# ҺӘМ ОЙЫН

ойынмен көңіл аулап, уақыттық рахатқа салынады» депті. Ойды әртараптан тарқаталық.

Бүгінгінің баласы зерек. Тіпті, өзімізден ақылдырақ сияқты. Біз білмейтінді біледі. Үйретуден гөрі, көп жағдайда үлкендер жағы өзі үйреніп жатады. Ғылыми технологияны іштен біліп туғандай көрінеді. Жастардың тілімен айтқанда, «бәрін шашады». Оған талас жоқ. Бәлкім, заманның талабы солай болар. Дегенмен, ойынан бас көтермей, телефонға телміріп отырғанын көріп таңданасыз. Кейде аздап қарныңыз ашады. Бастысы, іштей көп уақытын ұялы телефонның маңында жоғалтпаса екен дейсіз. Әрбірден, көзге, миға зиян екенін балдырған бүлдіршіндерден байқаймыз. Ойымыз – қызықты кішкене экраннан емес, сырттан іздесе дейміз.

## БАЛА – БІЗДІҢ ЕРТЕҢІМІЗ

Олар елдің тұтқасын ұстар азамат болуы шарт. Әйтпесе, болашақ бұлыңғыр болмақ. Сол себепті де, әрнәрсенің қадірін біліп, обал-сауапты сезінгені абзал.

Өлгінде балаларға байланысты біраз ойдың шетін қозғадық. Бұрынғыдай аулаға

шығып көрші қатарластарымен бірге доп ойнап, қуаласып, тай-құлындай тебісіп, бірге ойнап өскенге не жетсін? Мандайын жел қармап, терлеп-тепшіп ойнаса, денесі шынығады. Ойы сергиді. Физикалық тұрғыдан алғанда, дұрыс қалыптасуына әсер етеді. Ал виртуалды әлемде мұның бірі де болмайды.

Біздер баланың жылағанын көтермейтін болдық. Сәл ыңырсыса, телефонды қолына беріп құтыламыз. Бұл қаншалықты дұрыс?! Бүгінгі ісіңіз ертеңгі жауапкершіліктен құтылдырмайтынын сезінген абзал.

## ҰЛТТЫҚ ОЙЫНДАРЫМЫЗДЫ НАСИХАТТАЙЫҚ

Ойынсыз өмір қызықсыз. Мұны әйгілі мәдениет пен философ ғалымдар айтып та, жазып та кеткен. Тіпті, Аристотель, Платон, берісі ортағасырлық ғұламалар да оған ерекше ден қойған.

Ойын арқылы түрлі психологиялық тәсілдерді жүзеге асыруға болады. Керек десеніз, тұтас ұлтты қалыптастырып шыға аласыз. Бастысы, мамандар пікіріне зер салып, кеңесіп пішсеңіз болғаны.

Жуырда «Ұлы дала ойындары» атты жинақ жарыққа шықты. М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының ғалымдары мен қызметкерлері осы жолда қызмет атқарды. Бұл – қазақ фольклорына қосылған зор үлес болды. Мұнда рәсімдік, ат спорты ойындары, ойын-сауық, балалар ойындары және зейінді дамытатын интеллектуалдық ойындар түгел қамтылған. Бұл ғылыми еңбек қазақ балаларына арналған теңдессіз еңбек болды. Осында сырттағы қандас ағайынның, әр өлкенің өзіне тән, бірақ түпкі мағынасы бір ойындарына дейін қамтылған. Мұнда отандық этнограф-фольклортанушылар Е.Сағындықов, Б.Төтенаев, Ш.Ыбыраев, К.Матыжанов сынды бірқатар ғалымдардың ойынға байланысты еңбектері жинақ ретінде топтасқан.

Жалпы, ойынның ойналуын жетік білсек те, түпкі мән-мағынасын ұғынбаймыз. Кейбір ойындардың элементтері бір-бірімен шатасқан. Алдағы уақытта ұлттық ойындарымыз мәңгі жасасын десек, электронды форматқа көшкеніміз жөн. Сол арқылы дүниенің қай түпкірінде жүрсе де, біздің балалар өзіміздің ойындармен суындап, ойнап, үйреніп өскені дұрыс. Сонда ғана рухани уызға жариды.

Қазақтың ұлттық ойындары өте көп. Оны бір ғана жоба немесе мемлекеттік тапсырыспен жазып, түгел зерттеу мүмкін емес. Әлі де ел арасында ойналып, бірақ жарыққа шықпай жүрген ойындар қаншама. Әсіресе, Моңғолия, Қытай, Өзбекстан, Ресейдегі қандастарымыздан ойынға қатысты деректерді жинауға болады. Ол үшін арнайы қолдау қажет екені айқын. Сондықтан ойындарға қатысты бас-аяғы бүтін осындай еңбектердің құндылығы жоғары демекпіз.

### ● ТҮЙІН:

**Алаш қайраткері, ақын Сұлтанмахмұт Торайғыров «Балалықтың қанына ойын азық», – депті. Жоғарыдағы ойларды топшылағанда осыған саяды. Ойын қусаң, уақыт босқа өтеді. Барша істе баланс болғаны жөн сияқты. Ал сол нәрсені әркім өзіне-өзі жасайды.**

Әзірлеген  
Олжас ЖОЛДЫБАЙ.

## ҰЛТТЫҚ БАНК



## ЖАҢА МОНЕТА

Қазақстан Ұлттық банкі «Есте қалатын оқиғалар мен біртуар адамдар» атты монеталар сериясынан «ROZA BAGLANOVA. 100 JYL» коллекциялық монеталарының сатылымға шығатынын мәлімдеді.



Ақтолықын  
ҒАЛЫМҒАЗЫҚЫЗЫ

Монеталар [www.kazcoins.nationalbank.kz](http://www.kazcoins.nationalbank.kz) платформасында ҚҰБ интернет-дүкені арқылы сатылады. «ROZA BAGLANOVA. 100 JYL» монеталарының сипаттамасы: номиналы 100 теңгелік мельхиордан соғылған монета «Есте қалатын оқиғалар мен біртуар адамдар» сериясын жалғастырады. 2021 жылы КСРО халық артисі, Қазақстанның Халық Қаһарманы, қазақтың опера және эстрада әншісі Роза Бағланованың туғанына 100 жыл толды. Монета аверсінің орталық бөлігінде Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы бейнеленген. Елтаңбаның оң жағы мен сол жағында ою-өрнек элементтері орналасқан. «QAZAQSTAN ULTTYQ BANKI • NATIONAL BANK OF KAZAKHSTAN» деген жазу монета жиегімен айналыра жазылған.

Төменгі бөлігінен монетаның номиналын білдіретін «100 TENGE» жазуын көруге болады. Монета реверсінде Роза Бағланованың суреті, портреттің сол жағында мерейтойлық датаны білдіретін «100 JYL» деген жазу бар, монета жиегінде «Ах, Самара-городок» әнінің ноталары, «ROZA BAGLANOVA» деген жазулар айналыра басылған, сол жағында – монетаның шыққан жылын білдіретін «2022» деген жазу бар. МН25 қоспасынан жасалған номиналы 100 теңгелік монетаның массасы – 15 грамм, диаметрі – 33 мм, дайындау сапасы – «brilliant uncirculated», таралымы – 15 000 дана. Монета коллекциялық құны тұрғысынан сатуға арналған. Олар белгіленген құнына сай Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында барлық төлем түрі бойынша, сондай-ақ банк шоттарына есептеу үшін, Қазақстан Республикасының барлық банктерінде аудару, ұсақтау және айырбастау үшін қабылдануға жатады. Коллекциялық монета Қазақстанның теңге сарайында жасалған.



## НЕ?

## ҚАЙДА?

## ҚАШАН?

### DANCE PARTY




Өтетін орны: Almaty TOWERS БО, Байзақов көшесі, 280 SMART SPACE.  
Бағдарлама: live band ұсынған заманауи би хиттері, welcome drink, ұтыс ойындары, ойын-сауық ойындары.  
Күні мен уақыты: 30 шілде, 17.30.  
Ұзақтығы: 17.30-21.00.  
Жас шектеуі: 15–18 жас.  
Тұрақ: бар.

### «БОСТАНДЫҚҚА АПАРАТЫН ЖОЛ»



Өтетін орны: Барлық кинотеатрдан тамашалай аласыздар.  
Күні мен уақыты: 30 шілде, 13.30, 15.40, 17.30, 19.00.  
Өндіріс елі: Ұлыбритания, АҚШ.  
Режиссері: Норман Стоун.  
Сценарийі: Невил Шют, Джером Касс.  
Операторы: Кен Морган.  
Композиторы: Карл Дэвис.  
Ұзақтығы: 1 сағ 40 мин.  
Қосымша: Адам саудасына қарсы күрес күніне орай тегін тамашалай аласыздар.

### «КЕРАМИКА САБАҒЫ»



Орналасқан жері: Алматы қаласы, Айманов көш., 126, 405-үй.  
Күні мен уақыты: әр сейсенбі және бейсенбі. сағат 10.15, 19.00, сенбі сайын 18.00.  
Ұзақтығы: 1 сағат 30 минут.  
Жас шегі: 6+.  
Ерекшеліктері: Сіз өнімді сабақтан кейін бірден ала аласыз. Бірақ саз керамикаға айналады және муфельді пеште кептіру және күйдіруден кейін ғана бұзылмай, сумен байланыста болады.

Әзірлеген  
Ақтолықын ТҮРЛЫҒАЗЫ.



БРИФИНГ

# БИЫЛ 54 БАЛАБАҚША АШЫЛДЫ

**Жаңа оқу жылы қарсаңында қалалық Білім басқармасының басшысы Ләззат Жылқыбаева Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында 2022 жылдың бірінші жартыжылдығында атқарған жұмыстары туралы брифинг өткізді.**

Басқарма басшысы өз сөзін қаламыздағы мектепке дейінгі мекемелерге қатысты бастады. Қала көлемінде дәл қазір мектепке дейінгі тәрбиенен 2 жастан 6 жасқа дейінгі балалардың 71,8%-ы, ал 3 жастан 6 жасқа дейінгі балалардың 92%-ы қамтылып отыр. Жалпы, Алматыдағы 866 балабақшаның 193-і – мемлекеттік балабақша, қалғандары – жекеменшік мекемелер.

«Біз балабақшаларға кезекті төмендету бойынша шаралар кешенін қабылдап жатырмыз. Мысалы, бірінші жартыжылдықта Алматыда 3316 орынды 54 жаңа жекеменшік балабақша ашылды. Жыл соңына дейін 2 мыңнан астам орынды тағы 15 жекеменшік мектепке дейінгі ұйым ашу және 280 орынды мемлекеттік балабақшаны іске қосуды жоспарлап отырмыз», – деді Ләззат Жылқыбаева.


Сонымен қатар, биыл жекеменшік балабақшаларда 5227 орынды мемлекеттік білім беру тапсырысын орындау мақсатында конкурс өткізілді. Осылайша

35 698 орынды мемлекеттік тапсырыс 573 жекеменшік мектепке дейінгі ұйымдар арқылы жүзеге асырылып отыр.

Брифинг барысында Білім басқармасының басшысы қаламыздағы орта білім беру саласын 300 мыңнан астам оқушы оқитын 298 мектептің қамтып отырғанын жеткізді. Мектепке дейінгі мекемелердегі өзекті мәселе – орын тапшылығы қала мектептерінде де байқалады. Мектептерде әлі де 19 мыңнан астам орын жетпейді.

Мәселен, 2021-2022 оқу жылының басында қала мектептеріндегі тапшылық көлемі 33 мыңнан астам орынды құраған еді. Қала әкімшілігі орын тапшылығын кезек-кезеңмен шешу мақсатында орта білім берудің 33 объектісін іске қосып, осы есептің арқасында 15 719 жаңа оқушы орны құрылды. Оның ішінде 5100 орынға арналған 3 мектеп («Қалқаман», «Саялы», «Томирис» шағын-аудандары); 7963 орынды мектептерге 17 қосымша құрылыс (№№ 6, 34, 38, 43, 57, 60, 102, 117, 121, 132, 133, 144, 166, 170, 177, 186, 199) бар. Жеке инвестициялар есебінен 2656 орынды 13 жекеменшік мектеп ашылды.

Сонымен қатар, ағымдағы жылдың соңына дейін әлі де 13 820 орынды 18 орта білім беру нысанын іске қосу жоспарлануда. Олар «Қалқаман-2», «Қайрат», «Дархан», «Мәдениет», «Нұркент» шағын-аудандарындағы 7500 орынды 5 мектеп. №48, 191, 125, 146 мектептер, №9 МИ кеңейтіліп, соның есебінен қосымша 1270 орын пайда болады. Олар жеке инвестиция есебінен Бостандық және Наурызбай аудандарынан



1800 орынды екі ғимаратты сатып алып, жаңадан 3250 орынды тағы да 6 мектеп ашпақшы.

Өз кезегінде Ләззат Жылқыбаева Алматыда қаланың сәулет келбетін қалыптастыру және қала құрылысын жоспарлау қағидалары әзірленгенін, көпқабатты тұрғын үй кешендерін салу кезінде халықтың тығыз қоныс-

танғанын ескере отырып, мектептердің қадамдық қолжетімділікте болуын міндетті түрде талап етілетінін еске сала: «Бұл шаралар қала әкімдігіне құрылыс салушылармен 11 мектеп және 13 055 оқушы орнына арналған мектептерге 5 қосымша құрылыс салуға меморандум жасасуға мүмкіндік берді», – деді.

ЖАЗҒЫ ДЕМАЛЫС

## Лагерьлердің жұмысы жанданды

Биыл қала мектептерінің 1-4-сынып оқушылары үшін жаз ерекше қызықты өтіп жатыр. Олардың ата-аналары да «жазғы демалыста баламды қайда жіберемін?» деп уайымдаған жоқ. Өйткені, қалалық Білім басқармасы мектеп жанындағы лагерьлердің жұмысын жан-жақты зерделеп, қарастырған еді.

Балаларға жазғы демалыс уақытын қаладағы 183 мектептің жанындағы лагерьлерде өз қалауынша толық бір күн немесе жарты күн өткізуге мүмкіндік жасалды. Сонымен қатар, балалардың жазғы демалыс уақыты қала сыртындағы балалар сауықтыру лагерьлерінде де жүзеге асырылды. Мәселен, 1–21 маусым аралығында Алмалы және Медеу аудандарының 1030 баласы «Спутник» балалар сауықтыру орталығында демалса, Жетісу мен Наурызбай аудандарының 180 мектеп оқушысы «ГауһарТау» сауықтыру кешенінде демалып қайтты.

БӘРЕКЕЛДІ!

## Тегін тамақпен қамтылады

Биылғы 1 қыркүйектен бастап мемлекеттік мектептерде оқып жатқан 1–4-сынып оқушылары тегін тамақпен қамтылатын болды.

Дәл қазір осы мақсаттағы жұмыстар жедел қолға алынып, ұйымдастыру жұмыстары жүргізіліп жатыр.

Сонымен қатар, мемлекеттік мектептердің оқушылары 100% тегін оқулықтармен қамтамасыз етіліп, 2-сынып оқушылары жаңа оқулықтар алатын болды.

КЕЛБЕТ

## Бірыңғай мектеп формасы енгізіледі

Елімізде Білім министрлігінің бұйрығымен 2016 жылдан бастап бірыңғай мектеп формасы бекітілген. Мектеп формасы бойынша ұсыныстар пандемияға дейін күшінде болып, еркін киім киюге рұқсат берілген еді. Осы жылы оқу процесі толығымен офлайн форматта болғандықтан, бірыңғай мектеп формасы талабы қатаң түрде орындалады. Алматыдағы мектеп формасының түсі – қара-көк.

– Талаптар бұйрықпен бекітіліп, әкімшілік қою көк түсті ұсынып отыр. Сонымен қатар, мектеп басылылығы нақты жеткізушілерді анықтауға құқылы емес. Ата-ана мектеп формасын кез келген жерден сатып ала алады. Мектеп формасының стандартында кроссовкалар мен аяқкиімдер жоқ. Сондықтан ата-аналар балаларына ыңғайлы кроссовкалар, классикалық стильде, мокасиналар мен оны өздері анықтайды, – деді Ләззат Әуезханқызы.

АКЦИЯ

## «Мектепке жол» басталады

Биыл Алматы қаласының мұқтаж отбасыларынан шыққан 19 мың оқушыға көмек көрсету үшін қалалық әкімдік мектеп формасы мен оқуға қажетті керек-жарақтарын сатып алуға көмек көрсетеді. Бұл мақсатқа жергілікті бюджеттен 800 млн теңге қарастырылған.

Биыл да акция 30 қыркүйекке дейін жалғасады. Аталмыш акция «Мектепке жол – шекарасыз жақсылық» ұранымен өтеді. Акция аз қамтылған және көпбалалы отбасылардан шыққан оқушыларға, жетім

балаларға, сондай-ақ ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға оқу жылының басталуына дайындық кезінде материалдық қолдау көрсетуге және әлеуметтік себептер бойынша балалардың мектепке келмеуінің алдын алуға бағытталған.

«Қазірдің өзінде мектептерде оқушылардың жаңа оқу жылына дайындығына көмек көрсету бойынша жұмыстар басталып та кетті. Барлық мектепте көмекке мұқтаж балалардың деректер базасы құрылды. Қала тұрғындарының өтініштеріне арналған «Жедел желілер», «Сенім телефондарының» жұмыстары ұйымдастырылды», – деді басқарма басшысы.

Сонымен қатар, қазір қала

көлемінде қайырымдылық көмек көрсетуге демеушілерді, меценаттарды, мемлекеттік құрылымдарды тарту бойынша жұмыстар жүргізілуде. «Мектепке жол» акциясына көмек көрсеткісі келетін қайырымды жандар аудандық білім бөлімдеріне немесе тікелей білім беру ұйымына хабарласуына болады.

«Жедел желі» байланыстары Алматы қаласы Білім басқармасының сайтында көрсетілген.

– **Алатау ауданы:** 8 700 613 11 98.  
– **Алмалы ауданы:** 8 747 044 85 53.  
– **Әуезов ауданы:** 8 702 539 53 97.  
– **Бостандық ауданы:** 8 777 280 66 50.  
– **Жетісу ауданы:** 8 747 294 05 54.  
– **Медеу ауданы:** 8 775 919 40 00.  
– **Наурызбай ауданы:** 8 708 935 94 98.  
– **Түркісіб ауданы:** 8 747 901 38 14.

БАЙҚАУ

## Жеңімпаздар Финляндияға барады

Жас педагогтар арасында өтетін «Алматы ұстазы» байқауына қатысу үшін өтінімдер 1 тамыздан бастап қабылданады. Өтінімдер almatyustazy.kz порталы арқылы жүзеге асырылады. Жалпы, биылғы байқауға 3 мың мұғалім қатысады деп күтілуде.

«Біздің мақсатымыз – 36 жасқа дейінгі талантты және шығармашылықпен жұмыс істейтін жас педагогтарды таңдау. Байқау қорытындысы бойынша 5 жеңімпазға Финляндияда тағылымдамадан өту сертификаттары беріледі», – деген басқарма басшысы алматылық мұғалімдерді байқауға қатысуға емес, оқушыларға өз тәлімгерлерін белсенді қолдауға шақырды.

ПИЛОТТЫҚ ЖОБА

## «Мектеп автобустары» жолға шығады

Білім басқармасының басшысы өз сөзінде әкімдіктің осы жоба бойынша белсенді жұмыс істеп, мониторинг жүргізіліп жатқанын хабарлады.

Ата-аналар арасында сауалнама жүргізілгенде, қазіргі уақытта қажеттілік шамамен 38 мың баланы құрайтыны белгілі болған. Мектеп автобустары ең алдымен қажет аудандарда енгізілетін болады. Пилоттық жобаны Бостандық, Наурызбай, Алатау және Медеу аудандарында енгізу жоспарланып отыр. Қазір мектептерді анықтап жатыр. Анықталғаннан кейін әр мектеп үшін нақты маршруттар құрылады. 20, 30, 50 орынды



автобустар бар. Мұның бәрі мектепте қандай қажеттілік пайда болатынына байланысты. Сондай-ақ, әр мектепте қанша автобус қажет екені анықталады. Жоба кезек-кезеңмен енгізіледі.

Келесі жылдан бастап Алматыда «Мектеп автобустары» бағдарламасы жүзеге асырылатын болады.

**Бетті әзірлеген  
Рая ЕСКЕНДІР.**





## ҚАЛАДАҒЫ КӘСІП

# ДОМБЫРА ЖАСАУ – ҚАНҒА СІҢГЕН ҚАСИЕТ

Ел арасында «Нағыз қазақ – қазақ емес, нағыз қазақ – домбыра» деген сөз кезігеді. Мұның терең астары бар. Сонымен бірге, «Өнерлінің қолы алтын» деп тәмсілдейді. Мұны да текке айтпаса керек-ті. Қазақтың рухани көкжиегін кеңітіп, айбынын асқақтатып тұрған аспап, ол – киелі домбыра. Ендеше, ұлттық колоритіміздің жасалуы, құрастырылуымен мейлінше таныс бола түсейік. Осыған орай, ұлттық мұраларымызды жасаушы, домбыра шебері Қуанышбек РАХМАНҰЛЫН сұхбатқа тартқан едік.

## ҰНАТҚАН КӘСІПТЕН АРТЫҚ ІС БОЛМАС

– Домбыра жасаудың қыр-сырын қашаннан меңгердіңіз, кім әсер етті?

– Бұл өнердің ілімі тым тереңде жатыр. Түбі жоқ десем, артық емес. Бұл төңіректе ізденген сайын ізденгің келеді. Көрген-білген сайын көре беруі ойлайсыз. Бүгінгі көптеген домбыра жасаушылардың ұстазы Жолаушы Тұрдығұловтың өзі әлі де ізденіп келеді, титімдей де болсын өзінің қолтаңбасын қалдыруды мақсұт тұтады. Байқағаныңыздай, шебер адамның қиялында шек болмай тұр ғой. Оған қарағанда қыр-сырын толық меңгердік деп айта алмаймыз. Дегенмен, өзіміздің азды-көпті тәжірибеміз бар. Соған шүкіршілік етіп, ілгері жүрудеміз.

Соңғы кездері «өнер ана сүтімен, атаның қанымен дариды» дегенге иланып жүрміз. Өйткені, отбасындағы басқа балаларға қарағанда сәл бөлек болған сияқтымын. Ойын қуып, дала кезгеннен гөрі қолыма шаппамды алып, ағаш жонып, ою жасағанды ұната-тынмын. Сондай-ақ, үйдегі істен шыққан радио, теледидарды жөндеуге әуес болдым. Әлгінде арғы тегімізде ұсталық қасиет болғанын меңзедік. Арғы аталарымыз темірді майша ерітіп, алтын мен күмістен моншақ, алқа жасап, зергерлікпен айналысқан. Баяғының көшпелі қазағына керекті ертұрман, үй ағаш сынды т.б. заттарды жасапты. Ағам ес білгелі қайысты илеп таспа тілегін. Жанында қолғабыс бола жүріп, металдан айшық жасап беретінмін. Осындай тірлік қызығушылығымды арттырды. Өзім 25 жасымға дейін қазіргі Қытайдың аумағында қалған Алтайда 5 жасымнан ат жалын тартып өстім. Қазақи органның да әсері болар деп ойлаймыз.

Ең қызығы, өзіңіз секілді танып-біліп отырған тілші, журналистер домбыра шебері деп ойлайды. Арғы бетте бас-аяғы 10 жылдай әнші болдым. Өзім әншілікті бітіргенмін. Алғашында Алтай қаласына ағаш шеберлігіне оқуға түскен де едім. Дегенмен, оқуды бастауға мүмкіндік болмады. Сөйтіп, 19 жасымда Мәдениет үйіне жұмысқа қабылдандым. Әншілікке бет бұрып жүрсем де, сүйікті кәсібімнен қол үзбедім. Сөйтіп жүргенде осы жақтан оқығандар түрлі домбыралар алып бара бастады. Өзім дәріс алған ұстазым Ердос Рахымбековтың домбырасына қол жетті. Содан осы туындыны жасаған адаммен кездесуді ойладым. Сөйтіп, атамекенге, Алматыға келдім. Ердос ағамызды тауып, жолықтым. Бар мән-жайды айттым. Сөйтсем, ол кісі Темірбек Жүргенов атындағы Өнер академиясында мұғалім екен. Ағамыздың кеңесімен 2013–2017 жылдары қолөнер шеберлігін кәсіби деңгейде оқып бітірдім. Бір қызығы, арғы бетте Мәдениет үйінде жүргенде сахналық декорацияны әзірлейтінбіз. Соның кәдесін осы оқуға түсуде, оқу барысында сезіндім. Содан бері өз жолымызбен жүріп келеміз.

## ҰЛТТЫҚ ЖӘДІГЕРІМІЗДІ ҚҰНДЫЛЫҒЫ АРТУДА

– Тағы да қандай аспаптар жасайсыз?

– Қазақ – ұлттық құндылықтарға бай халық. Тау мен тасын түртсеңіз болды, шежіре бұлақтай сарқырайды. Халқымызда жауһар дүниелер баршылық. Соның біршамасы – домбыра, қобыз, жетіген сынды түрлерін жасаймыз. Ең көп қолданысқа иесі – домбыра. Қанша дегенмен, бұл аспаптың мән-мағынасы ерекше дер едім. Сонымен бірге, халқымызға берер тағылым мен ұлттық-тәрбиелік жағы басым.

– Ұлттық жәдігерлерімізге нарықта сұраныс бар ма?


– Әрине. Неге болмасын?! Қазақ елінде, қазақтың жер жүзіндегі жалғыз Отанында сұраныс өте күшті. Қанша дегенмен, домбыра ойнағанда делебесі қозбайтын қазақ жоқ шығар, сірә?! Біз арғы беттегі ағайынға да жөнелтіп тұрамыз. Елімізде домбыра сабағы мектептерге қосымша сабақ ретінде еніп

отыр. Оның үстіне, «Ұлттық домбыра күні» аталып өтіліп келеді. Осының бәрі баласының екі шекті қосып тартып, бірер күйден хабары болуын қалайтын ата-анаға да ерекше ой тудырып отыр. Соның арқасында домбыра сұранысқа көптеп ене бастады. Бұл да үлкен серпін дер едік.

## ДОМБЫРА – ЭКСПЕРИМЕНТ АЛАҢЫ ЕМЕС

– Ерекше стильдегі домбыра жасау ойыңызда бар ма?


– Кей-кейде оны да ойлап қоямыз. Ерекшелікті барлығы күтеді. Десе де, домбыраға



жаңалық, жасампаздық жаратам деп, бүлдіріп алудан сақтанамыз. Негізі, домбыраның формасы қалыптасқан. Қалақ домбыраны – Абай домбыра деп қоямыз. Шанақтысын – Жамбыл домбыра дейміз. Ұлт аспабының алғашқы нұсқасын сақтайық, оны 6-7 жеті қырлы пішін етіп өзгертіп жіберудің қажеті жоқ. Өзгерте қалған күннің өзінде дәстүрлі жолдан айнамаған жөн. Қалыбын басқаша етіп жүргендер де бар. Ал өз ұйғарымымда, дизайнерлік жағына көңіл аударған абзалырақ. Ол үшін ою-өрнегін, әшекейін әспеттесе, құбылтса соның өзі айырмашылықты аңғартады.

– Қазақтың ұлттық мұраларына қандай заттарды қолданасыздар?

– Ең бастысы, ағаштарды қолданамыз. Соның ішінде қайың, қарағай, шырша сынды талдардан пайдаланылады. Заманның дамыған сәті өз пайдасын тигізуде. Арасында жақсы әрі сапалы материалдар болса, оны да алдыртудамыз. Дәлірек, Америка, Африкадан да заттар келеді. Мәселен, дамыған елдердің скрипка, гитара жасауға арналған мықты, керемет материалдары баршылық. Бұлар ыстық пен суыққа да төзімді. Кейде бір өңірдің ағашы келесі жаққа шыдамауы мүмкін. Мысалы, қайыңнан жасалған домбыра суыққа шықса дымқыл тартып, дыбысы шықпай қалып жатады. Сол жағдаяттардың барлығына төзімді материалдар бар. Мысалға айтқанда,



өбен, граб, қызыл ағаштың түр-түрін жолықтыра аласыз. Үйеңкінің өзі Канададан тасымалданады. Жалпы, қаражат болса, бәрі табылады. Ең бастысы, ерінбей тірлік қылуда деп білеміз.

Тағы да қоса кетейін. Сиырдың сүйегінен ойып, оны безендіреміз. Оған қоса, күміспен әрлеуге болады. Өртүрлі тастарды қолдансаңыз, ол да жарасады. Өздеріңізге мәлім, «электронды домбыра» деген шықты. Бұған бір жағынан көптеген өнер майталмандары қарсы болып жатады. Ол кісілердің алаңдау-шылығының жөні жоқ емес. Қай халық болсын, өзінің рухани құндылығының сақталғанын қалайды. Осы орайдағы пікір-тілектерді ескеріп, іс қылуға ниеттіміз.



## ШЕБЕРЛІК ҚАНМЕН ДАРИДЫ

– Он саусағынан өнер тамған шебер болу үшін алдымен нені игеру керек?

– Әлгінде осы сауалға аз-кем жауап қаттым. Енді хас шебер бірден тумайды. Десе де, қаннан дарығаны маңыздырақ. Көптеген талапкер келуде. Соның арасында ілуде біреуі үйреткеніңізді қағып алып кетеді. Сонда зер салып байқасаңыз, арғы ата тегінде шеберліктің сырлары жатады. Сонымен қатар, үйренушінің бойында музыкалық қабілет болуы керек екен. Былайша айтқанда, кәсіби ерекшелігі асып тұрмаса да, аспапты тарта білсе, құлақ күйін келтірсе жеткілікті. Бұл арада қолдың икемділігі де маңызды рөл ойнайды. Бір сөзбен баяндағанда, дизайнерлік, ой-қиялдың ұшқырлығы қатар өрбісе, одан мықты шебер шығарына сенім мол.

Қазіргі таңда жанымда бір шәкіртім шеберлікке үйреніп жүр. Ол келгелі 4 жыл болды. Алғашында аспап жасамақ түгілі, пышақ ұстай алмайтын. Бірақ домбырамен ән айтып, күй тартатын. Өзі де сол өнеріне сеніп келсе керек-ті. Уақыт өте келе шеберлігі шыңдалды. Өбден қыр-сырын меңгеріп қалды. Бүгінде өз бетінше домбыра жасауға дейін жетті. Былай қарағанда, қанында бар қасиет болып тұр ғой. Сол себепті үйренушілерге айтарым, еңбектен ерінбеу қажет. Сонда іс алға жылжиды.

– Өзіңіз домбыра шебері болғандықтан, сізден ұлт аспабының қандай да бір қасиеті, киесі жайында сұрауды жөн санаймыз...

– Осыған дейін әр салада қызмет еттік. Өзім оқыған оқу орнына мұғалім болуға да болар еді. Басқа кәсіпті домалатсақ та жарасады. Дейтұрғанмен, домбыраның қасиеті бөлек. Әйтеуір басқа салаға мойын бұруға бір нәрсе жібермейді. Бәлкім, киесі шығар. Мұнымен айналыспасам болмайтындай. Бір жағы бойға біткен қастерлі өнер деп санаймын. Келесі тараптан осы ісіміздің арқасында нан тауып жеп жатырмыз. Негізі, өз ісінің шебері болып, содан ләззат сезінуден артық бақыт бола қоймас деп ұғынамын. Киелі өнерді табыс көзі ретінде ғана көрмей, құлшыныспен және ұлттық құндылықтарға құрмет сияқты қарасаңыз, ойлаған шаруаңыз орындалады демекпін.

– Рахмет, табысты болыңыз!

Сұхбаттасқан  
Олжас ЖОЛДЫБАЙ.





## ФУТБОЛ

# «Қайрат» елге қайтты, ал «Қызылжар» жарады!

Қазақстандық клубтар еурокубоклардағы қарымта ойындарын өткізді



**«Қайрат», «Қызылжар» және «Астана» командалары еуропалық қарсыластарына қарсы Конференциялар лигасы аясындағы қарымта кездесулерін өткізді. Алматылық және петропавлдық командалар ойындарын сыртқы алаңда ойнаса, «Астананың» екінші матчы елордада болды.**

«Қайрат» бірінші кездесуінде венгриялық «Кишвард» командасынан 0:1 есебімен жеңіліп қалған. Сондықтан алматылық ойыншылар Венгрияға барынша дайындалып, құлшына аттанған еді. «Қайраттың» бас бапкері Кирил Кеккер кездесу алдында «екі команданың келесі кезеңге өту мүмкіндігі әлі де 50\50» деп пікір білдірген болатын.

Матч «Варкерт» алаңында «Кишвард» футболшыларының жылдам шабуылдарынан басталды. Устименко қақпасына алғашқы 10 минутта бірнеше мәрте қауіпті соққы жасалды. Дегенмен, алматылық қақпашы қай сәтте де өз орнынан табылып, келген қауіптің бетін қайтарып отырды. Сондай-ақ, қорғаныста жанкешті өнер көрсеткен «сары-қара» команданың қорғаушысы Маки Баньякты ерекше атап өткен жөн. 3-нөмірлі қорғаушы 14 минутта бос қалған қақпаны қарсыластарының соққы жасауынан аман сақтап қалды. «Қайрат» қорғаныста қаншалықты сапалы өнер көрсетсе, шабуылда соншалықты шебер болды деп айта алмаймыз. Сирек қарымта шабуылдар дйттеген жеріне жете бермеді. Бірінші таймның жартысына қарай алматылық команда барынша қорғанысқа шегінген соң, «Кишвард» ойыншылары тіпті еркін қимылдап, 38-минутта есеп ашты.

Венгриялық клубтың капитаны Мешанович оң қапталдан келген допты баспен ұрып, гол соқты. Бұдан кейін ойын бейнесі өзгере қойған жоқ, матчтың бірінші жартысы толықтай алаң иелерінің басымдылығымен өтті. Екінші таймда «Қайрат» шабуылдаушылары Жоао Пауло

мен Артур Шушеначев бірнеше қауіпті соққы жасағанымен, есепті теңестіре алған жоқ. Қайта ойын аяғына қарай венгриялықтар есепті еселеуге жақын болды. Нәтижесінде матч осы ойында 1:0, екі ойынды қосқанда 2:0 есебімен «Кишвард» пайдасына шешілді. Осылайша «Қайрат» биылғы еурокубокта өз жолын тәмамдады.

Алматылық клуб секілді алғашқы ойында қарсыласынан өз алаңында жеңіліс тапқан «Қызылжар» екінші матчты сыртқы алаңда өткізді. Кездесу алдында сарапшылар басымдылықты Хорватиялық «Осиекке» берген. Мұндай болжам себепсіз де болған жоқ. Бірінші ойында 1:2 есебімен жеңілген «Қызылжарға» жарыстың келесі кезеңіне өту үшін еуропалық қарсыластарын кемінде 2 доп басымдылықпен жеңу керек еді. Хорватиялық команданың жоғары деңгейі мен мұндай жарыстардағы тәжірибесін ескерсек, бұл ойын алдында мүмкін еместей көрінген. Алайда, қазақстандық команда айтылған ойында барын салып, сенсациялық жеңіске қол жеткізді.

Хорватияда өткен матч екі команда тарапынан да асықпай басталған. Алайда, мұндай тыныштық ұзаққа созылған жоқ, алғашқы қауіпті соққы қазақстандық команда тарапынан болды. Қатарынан бірнеше сәтте сол қапталда өнер көрсеткен Евгений Козлов көзге түсті. Ол бірде өткір пас беріп, командаластарына мүмкіндік ашса, екінші кезде өзі соққы жасады. Алаң қонақтарының алғашқы қарқынын қайтарған «Осиек» ойыншылары кездесудің 10-минутынан кейін өздері де ашық шабуылдауға кірісті.

Хорваттардың, әсіресе, қарымта шабуылдары шынайы қауіп төндірді. 17-минутта алыс бұрышқа дәл келген жойқын соққылардың бірін Владимир Логиновский мысықша секіріп қайтарды. Бірінші таймның ортасына қарай ойын толықтай ашылып, екі команда кезектесе соққы алмасумен болды. Дегенмен төреші ысқырығы естілгенше, есеп өзгерген жоқ.

Кездесудің екінші жартысы «Қызылжарға» қарсы қойылған бұрыштама добынан басталды. Қазақстандық қорғаушылар бұл қауіптің бетін қайтара білді. 62-минутта Топалов қарлысын жамбасына отырғыза алмай, оң қапталдан әулетте пас асырады. Әуедегі талас кезінде доп ойынға 2 минут бұрын қосылған Иваннадзениң аяғына түсіп, жартылай қорғаушы өз мүмкіндігін мүлт жібермей гол соғады. Осылайша «Қызылжар» мен «Осиек» екі ойын есебінде 2:2 болып теңеседі. Ендігі кезекте екі команданың бірі алдыға шықпаса, ойын қосымша уақытқа ұласатын болған. Алайда, 71-минутта гол соққан Коне қазақстандық клубты алдыға шығарып, ойынның нүктесін қояды. Бұл жолы сол қапталдан берілген допты Коне бірінші мүмкіндігінен-ақ баспен дәл ұрып, қақпашыдан аяласын асырады. Басымдылыққа ие болған «Қызылжар» ойын соңына дейін нағыз қайратты ойын көрсетіп, 0:2 есебімен жеңіске жетті. Жалпы есеп 3:2 болды.

Еурокубоктар аясында «Астана» өз алаңында «Ракув» командасын қабылдаған. Бірінші ойында 5:0 есебімен жеңілген елордалық команда, екінші ойында да жеңіске жете алған жоқ. Матч 0:1 есебімен польшалық команда пайдасына шешілді.

Айта кеткен жөн, Еуропа Конференциялар лигасындағы іріктеудің үшінші кезеңінде қазақстандық клубтардан «Қызылжар» мен «Тобыл» өнер көрсетеді. Ал «Астана» мен «Қайрат» үшін еурокубоктар маусымы аяқталды.

## ТАЭКВОНДО



### Болгарияда бағы жанды

**Қазақстандық таэквондошы Ярина Пуганцова кадеттер арасындағы әлем чемпионатында күміс жүлдеге ие болды.**

Болгарияның София қаласында таэквондодан әлем чемпионаты өтіп жатыр. Айтулы жарысқа әлемнің 77 елінен үздік спортшылар қатысуда.

Кадеттер санатында өнер көрсеткен Ярина Пуганцова 29 келіге дейінгі салмақта екінші болды. Спортшымыз жарыс барысында 4 жекпе-жек өткізіп, 3 рет жеңіске жетті. Шешуші кезеңге дейін сүрінбей өткен таэквондошы қызымыз, өкінішке орай финалда ирандық Баран Ливани Джамалдан басым түсе алмады. Дегенмен, күміс медаль таққан жас спортшымыз ел намысын лайықты қорғап, Қазақстанға жүлдемен оралды.

## ВЕЛОСПОРТ

### Алматылық спортшы бірінші келді

**Елордада тректегі велоспорттан Қазақстан чемпионаты өтіп жатыр. Назарларыңызға жарыстың әртүрлі санаттарының жеңімпаздарын ұсынамыз.**



Тректегі велоспорттың кезекті күні аяқталды. Нәтижесінде ер, әйел және жастар жарысын қосқанда осы спорттың 15 санаты бойынша Қазақстан чемпиондары анықталды. Жекелей қуалау жарысынан алматылық Әлішер Жұмақанға жеткендер болған жоқ. Екінші орында Дмитрий Носков, ал үшінші орынға Сергей Кармажаков жайғасты. Өзге жарыстарда дәл осылай топ жарған алматылықтар болмады.

Жастар арасындағы скретч жарысынан В.Сичкарев (ер) пен Е.Склярова (әйел) үздік нәтиже көрсетті. Сондай-ақ, ерлердің командалық спринт жарысында Дмитрий Резанов, Александр Сафаров және Данил Остренков жеңіске жетті. Ал әйелдер арасында Эльвира Хамзина, Карина Әбдірахманова, Нино Штро мен Алена Абрамчук бірінші болды.

## ТЕННИС

### Данилина жеңіске біртабан жақын



**Қазақстандық теннисші Анна Данилина WTA 250 турнирінің жартылай финалына шықты.**

Халықаралық жарыстың жұптық сынында өнер көрсетіп жатқан теннисшіміз неміс спортшысы Анна-Лена Фридришмен бірге Варшавадағы турнирдің ширек финалында Александра Игнатик-Габриэла Ли жұбын жеңді. Қазақ-неміс жұбы румыниялық дуэттен 6:2, 6:3 есебімен басым түсті.

Айта кеткен жөн, күзгі маусымда Қазақстан қалаларында теннистен бірнеше халықаралық жарыстар өтеді. Қыркүйек айында Шымкентте 14 жасқа дейінгі теннисшілер арасында ATF сериясының ең жоғарғы А санатындағы және бірінші санаттағы екі турнирі өтеді. Сондай-ақ, Алматыда жасөспірімдер арасындағы Tennis Europe сериясының үшінші санаттағы екі жарысы болмақ. Айта кеткен жөн, әр турнирде барлық қатысушы кемінде 5 ойын өткізеді.

«Қазақстан теннис федерациясы атынан Азия теннис федерациясына және Tennis Europe қауымдастығына алғысымды білдіремін. Алдағы жарыстар жоғары деңгейде өтіп, Қазақстан теннисінің дамуына айтарлықтай үлес қосар деген үміттемін», – деді федерация өкілі Шухрат Каюмов.





## ҚАПЕРІҢІЗДЕ БОЛСЫН!

«Almaty aqshamy» газеті Нұр-Сұлтан мен Алматы қалаларына, сондай-ақ, Алматы, Ақтөбе, Атырау, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда, Қостанай, Маңғыстау, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Түркістан облыстарына тарайды.

### ЕГЕР:

\* мекемеңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін десеңіз;

\* бизнесте мол табысқа қол жеткізгіңіз келсе;

\* әр бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз

«Almaty aqshamy» газетіне  
ЖАРНАМА беріңіз де,  
ТАБЫСКЕР болыңыз!

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласып, қажетті ақпаратты мына телефондар арқылы ала аласыздар:

8 (727) 232-36-51;

8 (727) 232-36-56.

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

### ЕГЕР:

\* құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса;

\* құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтатқаныңыз туралы, мұрагерлік және басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, БІЗГЕ хабарласыңыз!

Барлық сауалдар бойынша жұмыс күндері сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласыңыздар:  
8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

## КОНКУРС

### Алматы қаласы Коммуналдық инфрақұрылымды дамыту басқармасы Алматы қаласы әкімдігінің «Алматы тазалық» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының директоры бос лауазым орнына орналасуға конкурс жариялайды

Алматы қаласы әкімдігінің «Алматы тазалық» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны, 050014, Алматы қаласы, «Көкмайса» шағынауданы, 26 Е, телефон 252-62-15, факс 252-61-12.

Кәсіпорын қызметінің негізгі мәні автомобиль жолдарын пайдалану қағидаларының талаптарына жауап беретін жұмыстар кешенін орындау болып табылады, соның нәтижесінде жолдар мен жол құрылыстарының көліктік-пайдалану жай-күйі сақталады.

Кәсіпорын қызметінің мақсаты – қаланың көше-жол желісін санитарлық тазалау болып табылады. Кәсіпорын алдына қойылған міндеттерді іске асыру үшін келесі қызмет түрлерін жүзеге асырады:

1) қала көшелерін (жолдарын) көктемгі, жазғы және күзгі кезеңде күтіп ұстау бойынша жұмыстарды бөлу жолағындағы қоқысты жинау, оны тиеу және қоқыс төгілетін жерге шығару, бөлінген белдеулерді шабу және шабылған шөпті жинау, қала көшелерін тазалау және жуу, су өткізгіш жыраларды көктемде қардан, ал жазда қоқысты шығару арқылы жиналған қоқыс пен балшықтан тазалау, тротуар мен жаяу жүргіншілер аймағын қардан, қоқыстан және бөтен заттардан тазалау және жуу;

2) қала көшелері жолдарын қысқы күтіп ұстау бойынша жұмыстарды көк тайғаққа қарсы материалдарды дайындау, жолдарды қардан тазалау, жолдарды қарлы борасындардан ашу, жолдардың жүру бөлігін қарлы жамылғыдан тазалау, қарлы дуалдарды жою, қала көшелерінің жүру бөлігін, тротуарларды көк тайғаққа қарсы материалдармен өңдеу және оларды жүру бөлігінен қажетті уақыттан кейін тазалау, автобус аялдамаларын қар мен мұздан жүйелі түрде тазалау жұмыстарын орындау.

**Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар:** Жоғары техникалық білім. Басшылық лауазымдарда жұмыс өтілі 5 жылдан кем емес.

**Конкурсқа қатысушыларға қойылатын жалпы талаптар:** Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі; «Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы» Кодексі, Қазақстан Республикасының Конституциясы, Қазақстан Республикасының экологиялық кодексі; Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңын; Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік меншік туралы» Заңы және Қазақстан Республикасының осы кәсіпорынның қызметі саласындағы қатынастарды реттейтін басқа да нормативтік құқықтық актілерін білуі қажет.

Кәсіпорынның өндірістік технологиясын және қызмет көрсетуін, ұйымды басқарудың жаңа әдістерін, стратегиялық жоспарлау, экономикалық индикаторлар жүйесін, шаруашылық және қаржылық келісім-шарттарды жасасу тәртібі мен орындалуын, Кәсіпорынның экономикасын және қаржысын басқаруды, еңбек және өндірісті ұйымдастыруды, салалық келісімдерді, ұжымдық келісім-шарттарды әзірлеуді және жасасуды, әлеуметтік-еңбек қатынастарды реттеуді, еңбек қорғау және қауіпсіздік ережелерін, өрт қауіпсіздігі талаптарын білуі қажет.

Конкурс Қазақстан Республикасы Ұлттық Экономика министрлігінің 2015 жылғы 2 ақпандағы №70 бұйрығымен бекітілген

## ОҚЫРМАНДАР НАЗАРЫНА!

### БІЗ газетімізді асыға күтетін оқырмандарымызбен және тұрақты авторларымызбен әрдайым БІРГЕМІЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне «Қазпошта» АҚ Алматы поштамты бөлімшелерінде, телефон: 261-59-11, «Евразия Пресс» агенттігі», «Эврика Пресс» пен «Дауыс» ЖШС-нің өкілдіктерінде жазылуға болады.

Бізді [almaty-akshamy.kz](http://almaty-akshamy.kz) сайтынан да оқыңыздар!

«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ  
2022 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСТЕРІ:

**65503 (жеке жазылушылар үшін)**

1 айға – 600,50 теңге // 3 айға – 1801,50 теңге // 4 айға – 2402 теңге

**15503 (кәсіпорындар мен ұйымдар үшін)**

1 айға – 1620,50 теңге // 3 айға – 4861,50 теңге // 4 айға – 6482 теңге

**95503 (зейнеткерлер, мүгедектер мен ҰОС ардагерлері үшін)**

1 айға – 440,50 теңге // 3 айға – 1321,50 теңге // 4 айға – 1762 теңге

Анықтама үшін телефондар:

8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

2022 жылға «Almaty aqshamy» газетіне  
төрт айға жазылу жүріп жатыр

«ALMATY  
AQSHAMY»

жарияланымдары  
мектептерде, колледждер  
мен университеттерде  
оқылады, әлеуметтік  
желілерде зерделеніп,  
талқыланады.

«ALMATY AQSHAMY» –

алматылықтардың да, еліміздің  
барлық дерлік өңірлеріндегі  
оқырмандарымыздың да асыға  
күтетін, сүйіп оқитын басы-  
лымы! Қазақ сөз өнері мен  
журналистикасының дәстүрлі  
мектебі!

Мемлекеттік кәсіпорынның басшысын тағайындау және аттестаттау жүргізу, сондай-ақ оның кандидатурасын келісу қағидалары негізінде өткізіледі.

**Конкурсқа қатысу үшін тапсырылатын құжаттардың тізімі:**

1) конкурсқа қатысу туралы өтініш;

2) мемлекеттік және орыс тілдеріндегі түйіндеме;

3) еркін нысанда жазылған өмірбаян;

4) белгіленген тәртіппен куәландырылған, білімі туралы құжаттардың көшірмелері;

5) белгіленген тәртіппен расталған еңбек кітапшасының (ол болған кезде) немесе еңбек шартының көшірмесі не соңғы жұмыс орнынан жұмысқа қабылданғаны және одан еңбек шартының тоқтатылғаны туралы бұйрықтардың көшірмелері;

6) денсаулығы туралы белгіленген нысанадағы анықтама.

Конкурсқа қатысушы өзінің біліміне, жұмыс стажына, кәсіби даярлық деңгейіне қатысты қосымша ақпаратты (біліктілігін арттыру, ғылыми дәрежелер мен атақтар беру, ғылыми жарияланымдар, бұрынғы жұмыс орнының басшылығынан ұсынымдар туралы құжаттардың көшірмелері және т.с.) беруіне болады.

Конкурсқа қатысу үшін қабылданатын құжаттар конкурс өткізу туралы хабарландыру ресми бұқаралық ақпарат құралдары бетінде және Алматы қаласы Коммуналдық инфрақұрылымды дамыту басқармасы ресми сайтында [www.uzh-almaty.kz](http://www.uzh-almaty.kz), жарияланған күннен бастап күнтізбелік 15 күн ішінде Алматы қаласы Коммуналдық инфрақұрылымды дамыту басқармасына 050021, Алматы қаласы, Достық даңғылы, 85, 5-қабат, әкімшілік бөлімі (506 каб.) мекенжайы бойынша тапсырылуы тиіс.

Конкурсқа қатысуға жіберілген тұлғалар тізімі анықталғаннан кейін күнтізбелік 10 күн ішінде конкурсқа қатысушылар әңгімелесуді Алматы қаласы Коммуналдық инфрақұрылымды дамыту басқармасында өтеді.

Анықтама телефоны: 225-12-13.

## ХАБАРЛАНДЫРУ

«Алматы қаласы, Алатау ауданындағы «Шапағат» ықшамауданы, Шоссейная көшесі, №70, 71-72 сауда үйінің құрылысы» жұмыс жобасы бойынша 8.08.2022 ж. бастап бес жұмыс күн ішінде жария талқылаулар арқылы қоғамдық тыңдаулар өткізіледі. Жобалық құжаттамамен танысу, ескертулер мен ұсыныстарды беру үшін Бірыңғай экологиялық порталында: <https://ecportal.kz> «Жарияланған қоғамдық талқылаулар» бөлімінен қарауға болады.

**Жоба тапсырысшысы** – «ЛАКОМА» ЖШС, мекенжайы: ҚР, Алматы қаласы, Алатау ауданы, «Шапағат» ықшамауданы, Шоссейная көшесі, №70, 71-72, тел.: 8 778 563 80 04.

**Жергілікті атқарушы орган** – «Алматы қаласының Жасыл экономика басқармасы» КММ-і, [u.prip@almaty.gov.kz](mailto:u.prip@almaty.gov.kz), тел.: 7 (727) 972-18-39, 8 708 972 18 39.

«Лұғат» қоғамдық қорының (БСН 990740002632) 20.02.2009 жылы бекітілген «Жарғысы» мен «Құрылтайшылар шарты» жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.



Бас директор –  
Төлеміс КҮЛМҰХАМЕДОВ

Қабылдау бөлмесі:  
232-36-61.

Бас редактор –  
Төрехан ДАНИЯР  
тел.: 232-36-53

Бас редактордың  
орынбасары –  
Әнуарбек ӘУЕЛБЕК

Жауапты хатшы –  
Серік ЖҰМАБАЕВ

Жаңалықтар мен ақпарат  
бөлімінің редакторы –  
Рая ЕСКЕНДІР

Қала тынысы бөлімінің  
редакторы –  
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шаһар шаруашылығы және  
тұрғын үй-коммуналдық шаруа-  
шылық бөлімінің редакторы –  
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ  
тел.: 232-36-54.

WEB-редакция жетекшісі –  
Дәурен ДҮЙСЕБАЕВ,  
тел.: 232-36-64.

Коммерциялық директор –  
Куаныш ДЮСКАЛИЕВ,  
тел.: 232-36-51.  
e-mail: [d\\_kuanys@mail.ru](mailto:d_kuanys@mail.ru)

Жарнама бөлімінің  
менеджері –  
Дана ӘЛМЕШ,  
тел.: 232-36-56. e-mail: [dalemesh@vecher.kz](mailto:dalemesh@vecher.kz)

Тарату бөлімінің менеджері –  
Алия ЕСИМХАНОВА  
тел.: 232-36-51. e-mail:  
[aliya.yesimkhanova@bk.ru](mailto:aliya.yesimkhanova@bk.ru)

Шығармашылық даму  
жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –  
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:  
Мұрат ӘУЕЗОВ,  
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,  
Сейітқазы МАТАЕВ

Газетті жеткізу бойынша  
шағымдар болса, «Қазпошта» АҚ  
Алматы почтамтына: 259-88-99  
(ішкі 20500, 20018) телефондары  
арқылы хабарласыңыз



Республикаға тарайтын қоғамдық-  
саяси қалалық басылым.

**Меншік иесі:**  
«Almaty Akshamy» ЖШС.  
[almatyqparat@mail.ru](mailto:almatyqparat@mail.ru)  
Мекенжайымыз:  
Индекс: 050022.  
Шевченко көшесі, 106 А.

**Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі  
күндері шығады.**  
**Апталық  
таралымы – 18 663**

**Кезекші редактор –  
Нұржамал ӘЛІШЕВА**

Газет Қазақстан Республикасының  
Ақпарат және қоғамдық даму  
министрлігінің  
Ақпарат комитетінде тіркелген.  
Тіркеу туралы  
№КЗ80VPY00026040  
куәлігі 19.08.2020 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның  
компьютер орталығында теріліп,  
беттелді.

Суреттердің сапасына  
редакция жауапты.  
Жарнама мәтініне жарнама беруші  
жауап береді.

Автордың мақалалары редакция  
көзқарасын білдірмейді.  
Газет «Дәуір» ЖШС РПБК-де  
басылды. 050044, Алматы  
қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17.  
Тел.: 273-50-53

Офсеттік басылым,  
көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газетінің  
электронды нұсқасы  
«AIR ASTANA»  
әуе компаниясы бортндағы  
жолаушыларға қолжетімді.





KӨРМЕ

# «ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҮЗДІК ТАУАРЫ»

## Алматыда отандық өндірушілердің көрмесі басталды

Айжан  
БҮРКІТБАЕВА

Кеше Алматыда «Қазақстанның үздік тауары» өңірлік көрме-байқауы өз жұмысын бастады. Байқауға 100-ге жуық алматылық компания өтінім берген.

Көрме-байқау «Өндірістік мақсаттағы үздік тауарлар», «Халыққа арналған үздік тауарлар», «Үздік азық-түлік тауарлары» деген үш номинация бойынша өтеді. Әр номинацияда үш жеңімпаз анықталады. Шараға Алматы қаласының әкімдігі, елшіліктер мен консулдықтар, мемлекеттік органдар, білім беру ұйымдары, қоғамдық ұйымдардың өкілдері қатысып жатыр.

«Бүгін біз Алматы бизнесі үшін айтулы шараға жиналды. Бүгінгі көрме «Қазақстанда жасалған» өндірісінің, тұтас-тай экономика дамуының нақты көрсеткіші. Отандық өндіріс төңірегінде көп сын айтылады. Тіпті, жергілікті өндіріс жоқ дейтіндер бар. Менің айтарым, өндіріс саласы жылдан-жылға өсіп, дамып келеді. Осы бастамаларды палата, мемлекет, қоғам ретінде бірлесіп, қолдау көрсетіп қана ілгерілете аламыз. Әркез мүмкіндігінше отандық өнімді таңдайық! Барлық қатысушыға сәттілік тілеймін», – деп атап өтті ашылу салтанатында Алматы қаласы Кәсіпкерлер палатасының директоры Айтуар Қошмамбетов.

Көрмеге қатысып жатқан алматылық өндірушілер сауда, қызмет көрсету, машина жасау, металлургия, тамақ өнеркәсібі, жеңіл өнеркәсіп салаларында еңбек етеді.

«Кәсіпкерлік – ауыр жол. Кәсіпкерлер – біздің қызметкерлерге жұмыс беретін, біздің мемлекетке салық төлейтін, бүкіл әлемге танымал қазақстандық өнімді шығаратын адамдар. Бүгін осы «Қазақстанның үздік тауары» көрмесінде алматылық үздік тауар өндірушілер ұсынылатын болады. Қазақстандық өндірушілердің нәтижелері баришамызды шабыттандырсын», – деп атап өтті Алматы қаласы ӨКП Өңірлік кеңесінің төрағасы Максим Барышев.

Алматыда 2022 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша тіркелген шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің саны 295 861 бірлікті құрады. 2022 жылғы қаңтар-наурызда өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда өнім шығару (салыстырмалы бағаларда) 28,5%-ға ұлғайды, жұмыспен қамтылғандар саны 17,4%-ға өсті және жұмыс істеп тұрған субъектілердің саны 2022 жылғы 1 сәуірде 10,6%-ға өсті.

2022 жылғы қаңтар-наурызда шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің өнім шығаруы 2854,6 млрд.тенгені құрады. ШОК субъектілерінің жалпы санында жеке кәсіпкерлердің үлесі 61%, шағын кә-



сіпкерліктің заңды тұлғалары 38,1%, орта кәсіпкерліктің заңды тұлғалары 0,3%, шаруа немесе фермер қожалықтары 0,6%-ды құрады.

«Қазіргі нарықтық жағдайда әрбір компания үшін бренд ретінде қалыптасу аса маңызды. Брендті ілгерілету үшін көптеген мүмкіндіктер бар, оларды көп компания жақсы пайдаланып, дамып жатыр. Бірақ, егер компания жаңа және әзірге белгісіз болса, «Қазақстанның үздік тауары» көрме-байқауы сияқты алаңдар даму, жетілу, танылу үшін жақсы мүмкіндік береді. Байқауға қатыса отырып, компания дамудың жаңа кезеңіне шығады, байқау талаптарына орай сапа стандарттарына сәйкестігін растайды, өз өнімін отандық тауар өндірушілердің үлкен көрмесінде ұсынуға мүмкіндік алады. Байқаулардың мақсаты – ең алдымен қазақстандық компанияларға жергілікті қамту үлесін арттыруға көмектесу», – деді Айтуар Қошмамбетов.

Көрменің алғашқы күні алматылық сән саласындағы дизайнерлер сән шеруін өткізді. Қонақтар арасында сыйлықтар ұтысы ойнатылды.

Ұйымдастырушылардың айтуынша, өңірлік көрме-байқауы 3 күнге созылады, яғни 29, 30, 31 шілдеде өтеді. 30 шілдеде, яғни бүгін KASE биржа қоры, «Даму» кәсіпкерлікті дамыту» қорының өкілдері кәсіпкерлерге арналған қолдау, мемлекеттік бағдарламалар жайында ақпарат беріп, шеберлік сабақтарын өткізеді. Қонақтар арасында сыйлық ұтысы ойнатылады.

Ал ертең, 31 шілдеде көрме-байқаудың жеңімпаздары анықталып, марапаттау рәсімі ұйымдастырылады. Өңірлік іріктеу жеңімпаздары елордада Қазақстан Республикасы Президентінің қатысуымен өтетін республикалық байқауға жолдама алады. Көрменің соңғы күні концерттік бағдарлама ұйымдастырылып, оған кеш қонағы ретінде әнші Айқын Төлепберген қатысады.

Байқау мақсаты – кәсіпкерлерді қолдау. Отандық өнімдерді әлемдік нарыққа шығару және қоғам арасында кеңінен таныстыру. Айта кетейік, тауарлар көрмесі елімізде 2006 жылдан бері дәстүрлі түрде өткізіліп келеді.

